

**"Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны бекіту және "Үкіметтік бағдарламалардың тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1136 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 482 қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.07.2022 № 482 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру, мониторинг жүргізу, бағалау және бақылау, сондай-ақ Елді аумақтық кеңістікте дамытудың болжамды схемасын әзірлеу, іске асыру және бақылау қағидаларына сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне жүктелсін.

**5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 03.06.2019 № 361 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

## "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама

Ескерту. Бағдарламаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.04.2019 № 215;  
29.07.2019 № 546 қаулыларымен.

Бағдарламаның паспорты

2. Кіріспе

3. Ағымдағы жағдайды талдау

4. Бағдарламаның мақсаты, нысаналы индикаторлары, міндеттері мен іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

4.1. Бағдарламаның мақсаты

4.2. Нысаналы индикаторлар

4.3. Міндеттер

Бірінші бағыт: Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту

Екінші бағыт: тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу

Үшінші бағыт: жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің шетелдік инвестицияларды тартудың басымдықтарымен сәйкестігі

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу оқдары, тиісті шаралар

5.1. Бірінші бағыт: Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту

5.1.1. Инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау  
Инвестициялық қызметті реттеу айқындығын арттыру

Ел нарығына шығуды және шетелдік инвестицияларды орналастыру тәртібін жеңілдету

5.1.2. Инвесторлар құқықтарын қорғау деңгейін арттыру

Дауларды шешу тетігін жетілдіру  
Инвесторлар үшін салықтық әкімшілендірудің айқындылығы мен болжамдығын арттыру

- 5.1.3. Шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы сауда логистикасын жақсарту мен өндіру-өткізу байланыстарын дамыту
- 5.2. Екінші бағыт: тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу
- 5.2.1. Инвесторларды тарту, сүйемелдеу және қолдау бойынша институционалдық тетіктерді жетілдіру
- 5.2.2. Қазақстан Республикасында инвестицияларды тарту жүйесін дамыту
- 5.2.3. Инвестицияларды тартудың және ұстап қалудың алдын ала белсенді тәсілдерін қалыптастыру
- 5.3. Үшінші бағыт: жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін шетелдік инвестицияларды тарту басымдықтарымен сәйкестігі
- 5.3.1. Жекешелендіруге шетелдік инвестицияларды тарту
- 5.3.2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына инвестицияларды тарту

## 6. Қажетті ресурстар

Бағдарламаға қосымша. "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары.

## 1. Бағдарламаның паспорты

|       |  |
|-------|--|
| Атауы | "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама  |
|       | <p>"Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы;</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың "Қазақстан – 2050" Стратегиясы " қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>"Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік</p> |

|   |   |
|---|---|
| <p>Әзірлеу үшін негіздеме</p>   | <p>бағдарламасын бекіту туралы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығы;</p> <p>"Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын бекіту және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 1030 Жарлығы;</p> <p>"Ұлт Жоспары - 100 нақты қадам" Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы;</p> <p>Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 420 Жарлығы.</p> |
| <p>Үкіметтік бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік органды көрсету</p> | <p>Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі</p>  |
| <p>Максаты</p>  | <p>Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту</p>  |
| <p>Міндеттері</p>   | <p>Бірінші бағыт. Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау</li> <li>2. Инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру</li> <li>3. Сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын дамыту</li> </ol> <p>Екінші бағыт. Тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>4. Инвесторларды тарту, сүйемелдеу және қолдау бойынша институционалдық тетіктерді жетілдіру</li> <li>5. Инвестицияларды тартудың және ұстап қалудың алдын ала белсенді тәсілдерін қалыптастыру</li> </ol>  |

|                                    |   |
|------------------------------------|---|
|                                    | <p>Үшінші бағыт. Жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің шетелдік инвестицияларды тарту басымдықтарымен сәйкестігі:</p> <p>6. Жекешелендіру процесіне шетелдік инвесторлардың қатысуын қамтамасыз ету.</p> <p>7. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына инвестицияларды тарту</p>  |
| Іске асыру мерзімі                 | 2018 – 2022 жылдар  |
| Нысаналы индикаторлар              | <p>2022 жылға қарай мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізіледі:</p> <p>1. Тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі – ТШИ) жалпы ағыны 1,26 есе ұлғаяды (2016 жылғы деңгейге қарағанда);</p> <p>2. ТШИ-дің жалпы көлемінің жалпы ішкі өнімге арақатынасы;</p> <p>3. ТШИ-дің өңдеу өнеркәсібіне ағыны 1,5 есе ұлғаяды (2016 жылғы деңгейге қарағанда);</p> <p>4. Экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына жасалатын инвестициялардың көлемі 1,46 есе ұлғаяды (2016 жылғы деңгейге қарағанда);</p> <p>5. Экономиканың шикізаттық емес секторының негізгі капиталына жасалатын сыртқы инвестициялардың көлемі 1,5 есе ұлғаяды (2016 жылғы деңгейге қарағанда).</p> |
| Қаржыландыру көздері мен көлемдері | Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына қайшы келмейтін бюджеттен тыс қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне көзделген қаражат есебінен және соның шегінде  |

## 2. Кіріспе

"Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту мен жаңғырту мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге арналған бағдарлама инвестицияларды арттыру мен әртараптандыруға бағытталған елдің инвестициялық пайымын қалыптастырады. Тиімділікті көп мөлшерде арттыруға бағытталған инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін елдің инвестициялық бәсекеге қабілеттілігін арттыру Бағдарламаға негіз болды.

Бұл Бағдарлама әлемдік экономика жаһандық қаржы дағдарысынан енді-елді оңала бастаған кезде іске асырылмақшы. Тауар нарығындағы әлемдік бағалардың түсуі жекелеген кәсіпорындардың қаржы-экономикалық күйі үшін де, біріктірілген макрокөрсеткіштер үшін де жағдайды қиындатты.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы елдің бай табиғи ресурстарына қол жеткізуге бағытталған инвестициялар үшін тартымды жер болып қала береді. Бұған қоса елде Қазақстан Республикасының өсіп келе жатқан ішкі нарығына қызығушылық танытатын инвесторларды тартуды жалғастырылып отыр.

Қазақстан Республикасын дамыту мақсаттарына қол жеткізудегі, экономиканы әртараптандыру деңгейін арттырудағы, өнімділікті, экспортты өсірудегі және жұмыс орындарын ашудағы инвестициялардың маңыздылығы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің бірқатар құжаттарында (Қазақстан 2050, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы, "100 нақты қадам" Ұлт жоспары, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, "Жаңғырту 3.0.") атап өтілген.

Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды көбірек тарту Қазақстан Республикасы үшін өзекті міндет болып табылады. Инвестициялардың осы түрі Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалының бәсекелестік артықшылықтарын пайдалану арқылы халықаралық нарықтар мен қосылған құнның жаһандық тізбектерінде қаржыландырылатын өндірістің бәсекелестік қабілетін арттырады, алушы ел үшін экономикалық әртараптандыруға қол жеткізу үшін салаларды жаңғыртуға және өндірістік мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал ететін капитал, ноу-хау және технологиялар жиынтығын ұсынады.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы

Инвестициялардың бұл түрі ішкі нарыққа бағытталған инвестициялар сияқты елімізге "келіп түспейді". Оларды тарту және ұстап қалу Қазақстан Республикасының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсартуды талап етеді.

Бағдарлама тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестицияларды ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік және инвестициялық саясат

жүргізуді болжайды. Бағдарламаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі еліміздің инвестициялық ахуалының бәсекеге қабілеттілігін және тартымдылығын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) стандарттарына сәйкес жақсартуды жалғастыратын болады.

Осы Бағдарламаны табысты іске асыру елдің тұрақты экономикалық өсуіне ықпал етуі тиіс. Жекелеген ұсыныстар мен іс-шараларды негіздеу үшін ел бойынша және өңірлік талдау жүргізіледі, сондай-ақ инвестициялық саясатты іске асыру бойынша шетелдердің тәжірибесі, сондай-ақ елдің артықшылықтарына жетуге ықпал ететін факторлар талданатын болады.

Бағдарлама мен оның іс-шаралары инвестицияларды тарту үшін институционалдық және нормативтік-реттеуші ортаны егжей-тегжейлі бағалауға негізделген. Бағалауды Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Дүниежүзілік банк тобының техникалық қолдауымен іске асырды. Бұған басқа Бағдарламаны әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының 2016 және 2017 жылдардағы инвестициялық ахуалын егжей-тегжейлі шолуда баяндалған ЕЭДҰ-ның талдамалық қорытындылары, сондай-ақ басқа да халықаралық және ұлттық ұйымдардың, талдау орталықтарының зерттеушілік және талдамалық жұмыстары ескерілді.

### **Негізгі терминдер мен анықтамалар**

Осы Бағдарламада мынадай жаңа терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестициялар – басқа елдерге немесе өңірлерге экспорт мүмкіндігін қамтамасыз ететін, оның бәсекеге қабілеттілігі факторларын пайдалану мақсатында белгілі бір елде өндірісті ұйымдастыруға бағытталған инвестициялар түрі. Бәсекеге қабілеттіліктің мұндай факторлары құн, білім немесе мамандану, шетелдік нарықтарға жеңіл қолжетімділік, сапалы инфрақұрылым және т.б. жағынан тиімді жұмыс күшін қамтуы мүмкін. Инвесторға қандай да бір ел ұсынатын халықаралық нарықтардағы бәсеке қабілеттіліктің деңгейі, атап айтқанда, құнды жасаудың жаһандық тізбегіне бірігу қабілеттілігі инвестициялардың осы түрін тартудағы ынталандырушы факторлар болып табылады;

2) ішкі нарыққа бағытталған инвестициялар – қабылдаушы елдің ішкі нарығын дамытуға бағытталған инвестициялар түрі. Осылайша ішкі нарықтың өсу қарқыны мен мөлшері инвестициялардың бұл түрінің басты факторы болып табылады;

3) IRM (follow-up) ақпараттық-мониторингтік жүйесі – инвесторлар, инвестициялық жобалар, өндірістік алаңдар мен әлеуетті инвесторлардың ақпараттық сұрау салулары туралы толық, сенімді және өзекті ақпаратты

қамтитын қазақстандық, шетелдік инвесторлар мен кәсіпкерлерге арналған бірыңғай ақпараттық алаң;

4) штаттан тыс кеңесшілер – орталық және жергілікті атқарушы органдармен, өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл арқылы проблемалық мәселелерді шешу бойынша инвесторлармен атаулы жұмыс, инвестициялық жобалардың іске асырылуын толық сүйемелдеу мен мониторингті жүзеге асыратын облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің штаттан тыс кеңесшілері қызметін қоса атқаратын "Kazakh Invest" ҰК" АҚ өңірлік директорлары және олардың орынбасарлары;

5) инвестициялық преференциялар – инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына және инвестициялық жобаны іске асыру аясында инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін қаржы лизингі келісімшарты негізінде технологиялық жабдықты импорттайтын лизингілік компанияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтар;

6) инвестициялық омбудсмен – Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын (айқындайтын), инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесу жөніндегі функциялар жүктелетін лауазымды тұлға;

7) "бір терезе" ("бірыңғай терезе") – құжаттарды жинау мен дайындауда инвесторлардың қатысуын азайтуды және олардың мемлекеттік органдармен тікелей байланыс жасауын шектеуді көздейтін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсынуда инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган тарапынан инвесторларға жәрдемдесудің орталықтандырылған түрі.

### **3. Ағымдағы жағдайды талдау**

#### **Жаһандық экономикалық жағдайды жақсарту**

Ішкі қаржылық ресурстардың шектеулілігі жағдайында экономиканы әртараптандыру мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде Қазақстан Республикасының тұрақты және теңдестірілген экономикалық өсуін қамтамасыз ету міндетін инвестицияларды тартудың ынталандырушы саясатын іске асырмай жүзеге асыру мүмкін емес.

Инвестициялар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі ықпал етеді:

макродеңгейде кеңейтілген ұдайы өндіріс саясатын, өндірістік секторды құрылымдық қайта құру және экономиканың барлық салаларын теңдестіріп дамыту, инновацияларды енгізу, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады;



микроденгейде өндірісті кеңейту мен дамыту, оның техникалық және технологиялық деңгейін арттыру, негізгі қорлардың моральдық және физикалық тозуын төмендету, өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянды экологиялық әсерін төмендету үшін қажет.

Қазақстан Республикасы инвестицияларды тарту бойынша жана Бағдарламаны әлемдік экономика жаһандық қаржы дағдарысынан кейін қалыпқа келе бастаған уақытта іске асыратын болады. Әлсіз әлемдік экономикалық өсу, әсіресе, дамушы елдер мен экономикасы өтпелі елдердегі әлемдік сауда көлемі серпінінің әлсіздігіне байланысты 2016 жылы ТШИ-дің әлемдік ағынының 13 %-ға азаюына қарамастан, 2017 және 2018 жылдары экономикалық белсенділіктің ұлғаюы күтілуде.

Еліміздің экономикасына сыртқы инвестициялауды қарау барысында әдетте ТШИ тартылған көлем бойынша қаралатынын ерекше атап өту керек, осыған орай шетелдік инвесторлармен жұмыстың тиімділігі сынға түседі.


Жаһандық геосаяси және экономикалық тұрлаусыздыққа қарамастан, ТШИ дағдарыстан кейінгі оңалудың алдыңғы кезеңінде тұр. ЮНКТАД (ЮНКТАД – Біріккен Ұлттар Ұйымының сауда және даму конференциясы) деректеріне сәйкес әлемдік инвестициялық ағынның ең үлкен деңгейі дағдарыс алдында 2007 жылы белгіленген, ол 1,9 трлн. АҚШ долл. құрады. Бұл ретте 2015 және 2016 жылдары ТШИ жалпы кіріс ағыны 1,8 трлн. АҚШ долл. дейін ұлғайды (1-сурет), бұл 2008 жылдан бері ең үлкен көрсеткіш болып табылады.

ТШИ-дің соңғы екі жылда ұлғаюына дамушы нарықтардың өсу қарқынының азаюы және шикізат тауарларына бағалардың күрт төмендеуі басым болған әлемдік макроэкономикалық жағдай себеп болды. Сонымен қатар мұндай өсімге трансұлттық деңгейдегі компаниялардың қосылу және сіңісу (бұдан әрі – ҚжС) процесі әсер етті.

1-сурет

Жаһандық деңгейде және мемлекеттердің жекелеген топтары бойынша ТШИ ағынының көрсеткіштері

(млрд. АҚШ доллары)



Дереккөз: UNCTAD

ЮНКТАД деректері бойынша дамушы елдерде, оның ішінде экономикасы өтпелі елдерде тіркелген ірі инвестициялардың жалпы көрсеткіштерінің өсімі күтілуде. Сонымен қатар 2017 жылы әлемдік тауарлар және көрсетілетін қызметтер саудасының көлемі 3,8%-ға ұлғаяды деп күтілуде, бұл 2016 жылға қарағанда көбірек (2,3%).

ТШИ ағындары әлемдік экономикалық үрдістер ықпалымен және жаһандық ойыншылардың ішкі экономикалық саясатының факторлық әсерінен өзгертіндігін атап өткен жөн.

Елдерді даму деңгейі бойынша жіктеуге байланысты ТШИ ағындарының басым бөлігі басқа елдер топтарымен салыстырғанда дамыған елдерге бағытталады. Оның үстіне бұл сегмент біршама құбылмалылығымен ерекшеленеді, бұл белгілі бір уақыт кезеңінде нақты трендтерді айқындауға кедергі жасайды.

Айталық, 2016 жылы баяу қарқынмен болса да дамушы елдерге ТШИ ағыны қайтадан оң серпінді көрсетті, ол 1,03 трлн. АҚШ долл. дейін жетті (2015 жылы – 0,98 трлн. АҚШ долл.).

Орта мерзімді перспективада болжамдар бойынша жаһандық ТШИ ағындары 2017 жылы қайта өсе бастайды және 2018 жылы 1,8 трлн. АҚШ долл. асады, бұл әлемдік экономикада күтілетін өсімді көрсетеді.

Сонымен қатар дамушы елдерге ТШИ ағыны 2008 жылғы дағдарыстан кейін қайта басталып, 2016 жылға қарай сәл төмендегенімен үдемелі үрдісті көрсетіп отыр.

Басқа елдер топтарымен салыстырғанда экономикасы өтпелі елдер топтары, оның ішінде Қазақстан Республикасы да ТШИ-дің аз көлемімен ерекшеленеді. 2016 жылы бұл топқа ТШИ ағыны 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 81%-ға ұлғайып, 68 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл да біршама құбылмалықтың бар екенін көрсетеді.

Экономикасы өтпелі елдерде таза ТШИ-дің оң көрсеткіші төмен, алайда бұған Ресейден инвестициялардың көптен кетуі әсер етуі мүмкін. ТШИ-дің үлесі мен көлемі аталмыш елдерде (үрдіс ретінде) 2008 жылдан бері төмендеуде. Айталық, бұл елдерге келетін ТШИ ағыны 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін 85 млрд. АҚШ долларынан 35 млрд. АҚШ долларына дейін жартысынан астам азайып, әлемдік ТШИ-дің жылыстау ағыны 6%-дан 2%-ға дейін қысқарды.

Әлемдік экономиканы сауықтырудың оң перспективасына қарамастан, жаңа геосаяси ахуал және үдеп келе жатқан шиеленістің ықтимал салдары болуы мүмкін. Экономикасы өтпелі елдерде ТШИ ағыны 10 жыл бұрын болған деңгейлерге дейін түсті. Бұл шикізат тауарларына төмен бағалардың, ішкі нарықтардың әлсізденуі сияқты факторлардың әсері мен геосаяси шиеленіске байланысты шектеу шараларының салдарынан орын алды.

2014 жылғы мұнай бағасының күрт төмендеуі Африкадағы, Оңтүстік Америкадағы мұнай экспорттаушы елдер мен экономикасы өтпелі елдерде ТШИ ағынына қатты әсер етті. ТШИ-дің өңірден кетуі халықаралық капитал нарығына қолжетімділіктің азаю салдарынан қысқарды.

Қазіргі кезде жаһандық ТШИ ағындарына ықпал ететін үш негізгі ойыншыны бөліп көрсетуге болады, олар: АҚШ, Еуропаның дамыған елдері мен Қытай. Бұл ретте 2016 жылы 385 млрд. АҚШ долларын тартып, АҚШ бұрынғыдай ТШИ-дің аса ірі алушысы болып табылады.

Сонымен бірге таза ТШИ-дің көрсеткіштері Шығыс және Оңтүстік Азия өңірі (көлемі бойынша екінші экономика – Қытайды қоса алғанда) ТШИ-дің алушысы болғанын және болып қала беретінін көрсетіп отыр. Тек дамыған Еуропа ТШИ-дің таза реципиенттері елдерінің тобынан ТШИ-дің донор-көздері елдерінің тобына өтіп, рөлін өзгертті.

Әлемдік инвестициялық капитал нарықтарында болатын өзгерістерді назарға ала отырып, Қазақстан Республикасына және ТШИ тарту перспективасына тікелей әсер ететін бірнеше трендтерді бөліп көрсету қажет:

1) шикізаттық тауар топтарына ең алдымен мұнай мен газға конъюнктураның өзгеруі бүкіл әлемде ТШИ көлемінің азаюына және инвестициялық ағындардың қайта бағдарлануына негізгі себеп болды;

2) бірқатар елдер қолданыстағы заңнамасына жаңа инвестициялық стимулдың пайда болуын, сондай-ақ практикалық инвестициялық шараларды жеңілдетуді көздейтін бірқатар елеулі өзгерістер енгізді, бұл ретте

инвестициялық преференцияларға қатысты мемлекеттің реттеуші және қадағалау функциялары елеулі оңайлатуға ұшырады;

3) дамушы елдердің бірқатары бұрын шетелдік инвестициялауға қолжетімді болмаған, экономика секторларына, оның ішінде жекешелендіру және мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) құралдары арқылы мүмкіндік ашты, сонымен қатар инвестициялық шектеулер қорғаныс өнеркәсібі, энергетика және көлік сияқты стратегиялық маңызды салалар шеңберінде енгізілді;

4) жылжымайтын мүлік нарығы үдемелі трендті көрсете бастады, егер дамыған елдерде әрдайым сапалы жылжымайтын мүлік және инфрақұрылым объектілеріне сұраныс сезілсе, ал дамушы елдерде сұраныс қазір ғана жандана бастады;

5) көрсетілетін қызметтер секторы жаһандық инвестициялық ағындарда шешуші рөл атқара бастады. Абсолютті мәндерде ол әлі де болса өндірістік сектордан қалыс қалғанымен, бірақ өсу қарқыны мен жалпы көлемдегі үлесі бойынша айтарлықтай күшеюде. Әсіресе көрсетілетін қызметтер секторындағы компаниялардың трансұлттық қосылу және сіңісу саласындағы өзгерістер айқын байқалады;

6) Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қауымдастығының (бұдан әрі – АСЕАН) елдерінде, сондай-ақ Қытай мен Үндістанда өңірлік құн құру тізбектерінің ішінде байланыстар күшейтілуде. Өңір ішіндегі өндірістік байланыстардың нығаюы арқылы инвестициялық ағындар үшін жаңа тартымдылық бағыттары ашылды;

7) Қытай компаниялары өндіруді тереңдету және қосылған құны жоғары өнімдерді өндіру бағытында қарыштап өсуде. Бұл, әсіресе, жоғары технологиялық химиялық өнімдер, электроника өндірісі, автомашиналар мен авиақұрылыс секторларында байқалады. Жаңа қытай брендтері, меншікті инновациялық әзірлемелер және жаһандық өткізу желілері пайда болуда;

8) көптеген компаниялар өзінің сыртқы инвестицияларын орналастыруға қатысты күту әдісін ұстануда әрі қолданыстағы өндірістік қуаттылыққа қайта инвестициялауды жөн деп санайды;

9) қалалар инвестиция жасалатын негізгі орын болады. Бұл тұрғындар санын қолдан көбейту есебінен емес, қалалар аумағында және айналасында белгілі бір экономикалық қызмет түрлерінің шоғырлануы нәтижесінде болып отыр. Бүгінде ірі қалалар – әсіресе, сервис секторларында капитал мен білікті жұмыс күшінің шоғырланған орталығы болып табылады.

Аталған трендтердің жиынтығы осы өзгерістерден пайда болатын тәуекелдерді жай ғана еңсеру емес, керісінше, инвестициялық әлеуетті арттыру үшін пайдалануға болатын тетіктерді әзірлеу қажеттігін айқындайды. Сондықтан

экономикалық тұрлаусыздық және жаһандық ТШИ құрамының өзгеруі Қазақстан Республикасы үшін қиындықтармен қатар мүмкіндіктер де әкеледі.

Қазақстан Республикасына инвестициялар ағынына қатысты жағдайдың да өз серпіні мен бірқатар ерекшеліктері бар.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының ТШИ тартуы төмендеу үрдісін көрсетті, ал кейбір жақын көршілеріміз әрі бәсекелестеріміз құлдыраудан кейін тез қалпына келді.

Қазақстан Республикасындағы ТШИ таза ағынының көрсеткіштері ЮНКТАД деректеріне сәйкес 2016 жылы шамамен 4 млрд. АҚШ долларын құраған экономикасы өтпелі елдердің орташа мәнінен асты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2005 – 2016 жылдары Қазақстан Республикасына жалпы ТШИ ағынының көлемі 243 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде 2016 жылы – 20,6 млрд. АҚШ долл., бұл 2015 жылмен салыстырғанда 39,9%-ға көп. Сонымен қатар 2005 – 2016 жылдары Қазақстан Республикасына таза ТШИ ағыны 115,1 млрд. АҚШ долларын, оның ішінде 2016 жылы – 9,1 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы көрсетілген кезеңде ең үлкен көлем кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (35,8 % немесе 86,9 млрд. АҚШ долл.), тау-кен өндіру өнеркәсібі (27,1 % немесе 65,9 млрд. АҚШ доллары), өңдеу өнеркәсібі (12, 3% немесе 30 млрд. АҚШ долл.), сауда (8, 9% немесе 21,6 млрд. АҚШ долл.), қаржы және сақтандыру қызметі (5 % немесе 12,2 млрд. АҚШ долл.), құрылыс (3,5 % немесе 8,5 млрд. АҚШ долл.) сияқты салаларға тиесілі болды.

2-сурет

2005 – 2016 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы ТШИ серпіні  
(млрд. АҚШ долл.)

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2017 жыл

2-суретте көрсетілгендей жалпы ағынның ең үлкен көлемі 2012 жылы 28,9 млрд. АҚШ доллары болды. Алайда келесі 3 жылда бірқатар ішкі және сыртқы факторларға байланысты инвестициялардың азаюы (28,9 млрд. АҚШ долларынан 14,8 млрд. АҚШ долларына дейін) байқалады. Жаһандық экономикалық конъюнктураның нашарлауына және энергия ресурстары мен металға әлемдік бағаның төмендеуіне байланысты инвестициялардың ағыны 2015 жылы 37 %-ға (2015 жылы 23,7 млрд. АҚШ долл. 2014 жылы 14,8 млрд. АҚШ долл. дейін) төмендегені байқалды. ТШИ теріс серпінінің негізгі себебі шикі мұнай мен табиғи газ өндіруге инвестициялардың 62% -ға төмендеуі (2014 жылға қарағанда 4,5 млрд. АҚШ долл. кем) болып табылады.

Бірақ 2013 жылдан бастап инвестициялардың бірқалыпты төмендеуінен кейін 2016 жылы теріс тренді өзгертуге мүмкіндік туды. Айталық 2016 жылы

инвестициялардың тағы да өскені байқалады – ТШИ-дің жалпы ағыны шамамен 40% -ға өсті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары ішінде Орталық-Азия өңіріндегі экономикаға инвестицияларды тарту бойынша көшбасшыға айналғанын атап өту қажет.

20 жыл ішінде жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ ) 17,4 есеге, 1994 жылы 735,9 АҚШ долларынан 2014 жылы 12806,7 АҚШ долларына дейін өсті. Әрине, шетелдік инвестициялар елдің экономикасын қалпына келтіру мен қайта бағдарлауда маңызды рөл атқарды.

Алынған шетелдік капиталдың арқасында Қазақстан Республикасы қуатты энергетикалық ресурстарға ие, келешекке амбициялық әрі орнықты жоспары бар ел ретіндегі ұстанымын күшейтті.

Бесжылдық кезең (2005 – 2009 жылдар) ішінде Қазақстан Республикасын Үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру басталғанға дейін 82,1 млрд. АҚШ долл. тартылған болатын, ал 2010 – 2014 жылдары 149,5 млрд. АҚШ долл. тартылды (1,5 есе өсім), бұл шетелдік инвесторлардың ел экономикасына қызығушылығының жоғарылауын растайды.

Сонымен қатар 2005 жылдан 2016 жылға дейінгі тікелей инвестициялардың Қазақстан Республикасынан шетелге кеткен жалпы ағыны 60,2 млрд. АҚШ долл. құрады. Отандық капиталдың ең үлкен ағыны Нидерланды (37,2 млрд. АҚШ доллары), Ұлыбритания (5,5 млрд. АҚШ долл.), Ресей Федерациясы (2,9 млрд. АҚШ долл.) және Ирландия (1,8 млрд. АҚШ долл.) бағыттарында байқалды.

Қазақстан Республикасында ТШИ ағындары шикізаттық тауарлардың әлемдік бағаларының өзгеруіне сезімтал.

Қазақстанның экономикасы өндіруші салалардағы (мұнай-газ, тау-кен, металлургия және ілеспелі қызмет салалары) ресурстарға бағдарланған инвестициялармен тығыз байланысты болғандықтан, ел әртараптандырудың жетіспеушілігіне байланысты жоғары қауіптерге ие болды.

Жалпы барлық кен өндіру саласы мен карьерлерді өңдеу 58%-ға, көтерме және бөлшек сауда 46,7% (1,3 млрд. АҚШ долл. аз) және геологиялық барлау және іздеу шаралары 5,1%-ға (295 млн долларға аз) азайды. Бұл ретте ТШИ жалпы ағынында өңдеу өнеркәсібінің көрсеткіштері өскенімен, әлі де болса аз болып қалуда (3-сурет).


Экономиканы әртараптандыру – елді дамыту басымдықтарының бірі.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі көптеген Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (Қазақстан 2050, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасы, "100 нақты қадам" Ұлт жоспары, Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) құжаттарын қабылдады.

3-сурет

2005 – 2016 жылдары Қазақстан Республикасындағы ТШИ көлемі  
(млрд. АҚШ долл.)



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2017 ж.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында бәсекеге қабілетті әрі әртараптандырылған экономиканы дамыту бағдарламаларын іске асыру одан әрі жалғастыруды талап етеді деп көрсетілген.

3-суретте көрсетілгендей, ТШИ-дің жалпы ағынындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі өскенімен, әлі де болса шамалы болып қалуда. Айталық, өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағы 2005 жылғы 4,4% -дан 2016 жылы 18,4% -ға дейін өсті.

Қазақстан Республикасында қайта инвестициялаудың үлкен құбылмалығы байқалады. Бұл ретте инвесторлар түскен кірісті шикізат секторының жаңа жобаларына инвестициялауды қалайды.

Келесі суретте көрсетілгендей ТШИ жалпы ағынының негізгі бөлігін борыштық құралдар құрайды, олардың үлесі 2005 жылғы 80,6%-дан 2016 жылы 51,4%-ға дейін азайды. Сонымен бірге, капиталдағы қатысу құралдарының үлес салмағы мен қайта инвестициялаудың жылдан жылға өсуі байқалады. Осылайша,

капиталға қатысу құралдарының үлесі 2005 жылғы 16,8%-дан 2016 жылы 24,8%-ға дейін өсті. Сонымен бірге 2005 – 2016 жылдары қайта инвестицияланған кірістер үлесі 2,6%-дан 23,8%-ға дейін артты (4-сурет).

4-сурет

ТШИ-дің үлестік ағынының компоненттер бойынша құрамы

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2017 ж.

Қазақстан Республикасында қайта инвестициялаудың құбылмалылығы байқалады: ТШИ ағынындағы қайта инвестицияланған кірістер үлесінің бірде өсіп, бірде күрт құлдырайтынын атап өткен жөн. Мысалы, егер 2014 жылы бұл көрсеткіш 21%-ды құраса, 2015 (-1,8%) және 2016 жылдары 23,8%-ға дейін қайтадан өсті. Жалпы, 2005 – 2016 жылдары аталған көрсеткіш бойынша орташа мәні 10,4%-ды құраса, әлем бойынша орташа 30-35%-ды құрайды.

Елдегі аталған көрсеткіштің төменгі деңгейі инвесторлардың салалық-шикізаттық мүдделерімен түсіндіріледі.

Бұдан басқа қайта инвестицияланған кірістердің төменгі үлесі жұмыс істеп жатқан шетелдік инвесторларды ұстап қалумен байланысты проблемалардың бар екенін көрсетеді, бұл олардың елдегі өзінің қызметін жалғастыру және кеңейту қабілетіне теріс әсер етеді.

Қазақстан Республикасы экономикасының нақты секторындағы инвестициялардың ауқымды ағыны дамуды анықтайтын шарттардың бірі болып табылады.

Жалпы экономиканы әртараптандыру үшін тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестицияларды тартуға көп күш жұмсау қажет. Инвестициялардың осы түрі капитал көзі болып табылады, технологиялар мен білімнің белсенді трансфертіне, сондай-ақ экспортты әртараптандыруға, қабылдаушы экономиканың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және елде жаңа сапалы жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында тиімділікті арттыруға бағдарланған ТШИ үлесі төмен болып қалуда.

Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасындағы ТШИ ағынының құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Айталық, Дүниежүзілік банктің әдіснамасына сәйкес (5-сурет):

55 %-дан 78 %-ға дейінгі ТШИ – геологиялық барлау сияқты ілеспелі қызметтерді қоса алғанда, өндіруші салаларға;


19 %-дан 36 %-ға дейінгі ТШИ – қаржы, сақтандыру немесе бөлшек сауда секторлары сияқты нарыққа бағдарланған салаларға;

тек 2 %-дан 17 %-ға дейінгі ТШИ жоғары қосылған құнды тудыратын салаларға, оның ішінде металл өңдеу саласына бағдарланады.

5-сурет



## Қазақстан Республикасындағы инвесторларды ынталандыруға қатысты ТШИ-дің түрлері



\* (салыстырмалы үлестер)

\*тиімділікті арттыруға бағдарланған, нарыққа бағдарланған, табиғи ресурстарға бағдарланған ( жалпыдан үлесі %)

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2017, Дүниежүзілік банк тобының есептері

Инвестициялар көлемінің азаюы, оның ішінде мемлекеттің елеулі қатысы бар салаларда орын алғандығын айта кету қажет.

Экономикадағы мемлекеттік сектордың үлесі жоғары болып қалуда.

Мемлекет бақылайтын және жанама түрде бақылайтын ұйымдардың жалпы қосылған құнының ЖІӨ қатынасы 2014 жылы 21,1 %-ды, 2015 жылы 19,1 %-ды құрады.

ЭЫДҰ-ның көптеген елдерінде мемлекеттің ұлттық экономикаға қатысу деңгейі орташа есеппен ЖІӨ-нің 15 % құрайды.

Осы мәселені шешу үшін 2014 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет және олардың үлестес тұлғалары қатысатын заңды тұлғаларды ауқымды жекешелендіру туралы жариялады. Жалпы алғанда 2016 – 2020 жылдар аралығында 4-тен 7 млрд. АҚШ долл. сомасына дейін мемлекет және ұлттық холдингтердің еншілес компаниялары қатысатын 878 заңды тұлға сатылуы тиіс, оның ішінде:

1) 68 ірі компания (ТОП-68), олардың ішінде 14 республикалық меншіктегі ұйым, 1 коммуналдық меншіктегі ұйым және 53 ұлттық басқарушы холдингтердің ұйымдары;

2) ТОП-68 құрамына кірмеген "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ 168 ұйымы;

3) 50 республикалық және 440 коммуналдық меншіктегі ұйымдар;

4) 152 ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың ұйымдары, оның ішінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар бар.

Тиімділікті арттыруға бағытталған жаңа инвестицияларды тарту үшін неғұрлым тиімді болып табылатын бірқатар салаларды бөлуге болады.

Жалпы Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін іске асыратын инвестицияларды белсенді тарту үшін салалар екі топқа бөлінеді.

I топ "Әлеуеті қолданыстағы салалар": азық-түлік өнеркәсібі, мұнай мен газды, пайдалы қазбаларды терең қайта өңдеу (металлургия, химия, мұнай-химия), сондай-ақ машина жасау. I топ қысқа мерзімді немесе орта мерзімді перспективада тиімділікті арттыруға бағытталған ТШИ ілгерілетуге болатын салалардан тұрады. Бұл салалар Қазақстан Республикасының бәсекелі басымдылықтарының көзі болып табылады және Қазақстанды экспорт үшін өндірістік база ретінде пайдаланатын ТШИ тартатын болады. Ақпараттық жұмыс осы салаларға, сондай-ақ жергілікті жеткізушілердің саны мен сапасын арттыруға белсенді түрде бағытталатын болады.

II топ "Перспективалы салалар": ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ), туризм және қаржы. Бұл топ инвесторлар ұзақ мерзімді перспективада қызығушылық танытуы мүмкін салалардан тұрады. Елдің бәсекелестік артықшылықтары күшейген және нарықтың ауқымы ұлғайған жағдайда осы салалар инвестицияларды тарту үшін жақсы әлеует көрсете алады және экспорттық әлеуетті арттыратын болады (мысалы, туризм үшін - келетін туристердің санын арттыру; қаржы секторы үшін – "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) табысты жұмыс істеуі, АКТ үшін – аталған салада елдегі мамандардың санын көбейту). Сондай-ақ бұл салалар жаңа инвестицияларға тұрақты жаһандық сұранысты көрсетеді және ел үшін әлеуетті жоғары кірісті қамтамасыз етуі мүмкін. Бірақ қазіргі уақытта олар шетелдік инвесторларға жеткілікті артықшылықтарды ұсынбайды:

АКТ-ға инвестицияларды тарту бойынша басты кедергі білікті кадрлардың жетіспеушілігі, инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, заңнаманың жетілмегендігі болып табылады, оның ішінде МЖӘ және өзге салаларда;

туризм саласындағы нарық елеулі өсуге қол жеткізбей отыр, себебі сектордың дамуына кедергі келтіретін негізгі проблемалар туризм инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, халықаралық бағыттағы авиатасымалдар құнының жоғары болуы және жергілікті компаниялар көрсететін қызмет деңгейінің төмендігі болып табылады;

АХҚО өңірлік қаржылық хаб ретінде сәтті дамыған жағдайда шетелдік инвестициялар үшін елдің қаржы секторының тартымдылығы артады. Жетекші стандарттар, ағылшын құқығы, халықаралық кадрларды тарту жетілдірілген

стандарттар мен технологияларды көшіру арқылы қаржы секторына оң әсер етеді

I және II топтағы салаларға қатысты тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар бойынша Қазақстан Республикасының ұсынатын басымдылықтарын (құн бойынша ұсыныс) жарнамалау маңызды болып табылады.

Басқа өңірлік бәсекелестермен салыстырғанда бәсекелестік артықшылықтарды анықтау қажет.

Бұл ретте қазіргі кезде кездесетін инвестициялық кедергілерді жою мақсатында салалық саясатты және нормативтік құқықтық базаны түзету мен жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру қажет. Салалық саясатты әзірлеуді Қазақстан Республикасы әлеуетті инвесторларға ұсынуға дайын салалық артықшылықтарды тұрақты түрде жақсарту мақсатында негізгі мүдделі тараптардың келісілген күштерімен жүргізу қажет.

Белгіленген салалар топтарына инвестицияларды тарту үшін басым елдердің тізімін анықтау, сонымен қатар қайта инвестициялау көлемін ұлғайту нысаналы шетелдік инвесторларды анықтау процесінің бірінші қадамы болып табылады.

Олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығының геосаяси және экономикалық шарттарына сүйене отырып мынадай блоктар айқындалды:

ЕАЭО-ға мүше елдер, бұл ретте Қазақстан Республикасында ірі инвесторлар; әлемдегі капитал мен технологиялардың иесі болып табылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ірі активтерге ие Азия елдері;

ЭЫДҰ мүше елдер мен әріптес мемлекеттер - капитал мен технологиялардың иелері.

Таяу Шығыс елдері - капитал иелері.

Нәтижесінде ТШИ үшін нысаналы салалардағы өлшемшарттарға неғұрлым сәйкес келетін елдердің нысаналы тізімі құрылды. Ынтымақтастықтың мынадай тарихи алғышарттары өлшемшарттар ретінде қабылданды:

ТШИ бойынша халықаралық инвестициялық позиция;

Қазақстан Республикасындағы шетелдер қатысатын заңды тұлғалардың саны; тауар айналымы;

бұрын таңдалған салалық басымдықтарға сәйкестік.

Бұл ретте барлық өлшемшарттар бойынша үздік 30 ел қатарына кіретін елдерге басымдық беріледі (1-кестені қараңыз).

1-кесте

ТШИ үшін нысаналы салаларда өлшемшарттарға неғұрлым сәйкес келетін елдердің тізімі

|  |                               |                                     |  |  |
|--|-------------------------------|-------------------------------------|--|--|
|  | Елдің ҚР-дағы активтері (ТШИ) | ҚР-дағы капиталы (бар кәсіпорындар) |  |  |
|--|-------------------------------|-------------------------------------|--|--|

| Ел                | 01.01.2017ж. жағдай бойынша)   | саны (01.05.2017ж. жағдай бойынша)                | Тауар айналымы (2016 жылы)                          | (Өлшемшарттар бойынша үздік 30-ға кіреді |
|-------------------|--|---|---|--|
| ЕАЭО              |  |   |   |  |
| РФ                | 6 – орын (4,3 млрд. \$ немесе жалпы санынан 3 %)                     | 1 – орын (12 579 немесе жалпы санынан 31 %)       | 1 – орын (12,7 млрд. \$ немесе жалпы санынан 20 %)  | 3  |
| Азия              |  |   |   |  |
| Қытай             | 8 – орын (3,5 млрд. \$ немесе жалпы санынан 2 %)                     | 3 – орын (2 853 немесе жалпы санынан 7 %)         | 3 – орын (7,9 млрд. \$ немесе жалпы санынан 13 %)   | 3  |
| Жапония           | 9 – орын (2010-2016 жылдары 3,2 млрд. \$ немесе жалпы санынан 2 %)   | 47 – орын (82 немесе жалпы санынан 1 % төмен)     | 12 – орын (1,1 млрд. \$ немесе жалпы санынан 1,7 %) | 3  |
| Оңтүстік Корея    | 10 – орын (2010-2016 жылдары 2,6 млрд. \$ немесе жалпы санынан 2 % ) | 8 – орын (1 011 немесе жалпы санынан 2,4 % төмен) | 19 – орын (0,6 млрд. \$ немесе жалпы санынан 1 %)   | 3  |
| ЕО (ЭЫДҰ)         |  |   |   |  |
| АҚШ (ЭЫДҰ мүшесі) | 2 – орын (24 млрд. \$ немесе жалпы санынан 17 %)                     | 9 – орын (1 012 немесе жалпы санынан 2 %)         | 7 – орын (1,9 млрд. \$ немесе жалпы санынан 3 %)    | 3  |
| Франция           | 3 – орын (13 млрд. \$ немесе жалпы санынан 9 %)                      | 30 – орын (224 немесе жалпы санынан 1 %)          | 6 – орын (2,8 млрд. \$ немесе жалпы санынан 5 %)    | 3  |
| Германия          | 19 – орын (0,4 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0,3 %)                  | 5 – орын (1 442 немесе жалпы санынан 4 %)         | 8 – орын (1,7 млрд. \$ немесе жалпы санынан 3 %)    | 3  |
| Ұлыбритания       | 7 – орын (3,8 млрд. \$ немесе жалпы санынан 3 %)                     | 11 – орын (859 немесе жалпы санынан 2 %)          | 14 – орын (1,3 млрд. \$ немесе жалпы санынан 2 %)   | 3  |
| Аустрия           | 28 – орын (0,1 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0,1 %)                  | 29 – орын (224 немесе жалпы санынан 1 %)          | 35 – орын (0,2 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0,3 %) | 2  |
| Италия            | 23 – орын (0,2 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0,1 %)                  | 20 – орын (363 немесе жалпы санынан 1 %)          | 2 – орын (8,3 млрд. \$ немесе жалпы санынан 13 %)   | 3  |
| Нидерланды        | 1 – орын (69 млрд. \$ немесе жалпы санынан 48 %) *                   | 7 – орын (1 173 немесе жалпы санынан 3 %)         | 4 – орын (3,5 млрд. \$ немесе жалпы санынан 6 %)    | 2  |
| Польша            | 32 – орын (0,1 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0 %)                    | 32 – орын (209 немесе жалпы санынан 1 %)          | 18 – орын (0,8 млрд. \$ немесе жалпы санынан 1 %)   | 1  |
| Испания           | 33 – орын (0,1 млрд. \$ немесе жалпы санынан 0 %)                    | 40 – орын (94 немесе жалпы санынан 0 %)           | 12 – орын (1,4 млрд. \$ немесе жалпы санынан 2 %)   | 1  |
| Таяу Шығыс        |  |   |   |  |



| Р/с № | индикаторлар                        | Өлш. бірл.              | Ақпарат көзі   | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 | орындаушылар   |
|-------|-------------------------------------|-------------------------|----------------|------|------|------|------|------|------|------|--|
| 1     | ТШИ жалпы ағыны                     | 2016 жылдың деңгейіне % | ҰБ деректері   | 100  | 102  | 104  | 109  | 113  | 118  | 126  | ИДМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржы министрі, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ҚАӨМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша) |
| 2     | ТШИ жалпы көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы | %                       | стат. деректер | 15,3 | 16   | 16,5 | 17   | 17,5 | 18   | 19   | ИДМ, ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, СІМ, Қаржы министрі, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ҚАӨМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "                  |

|   |   |                         |                |     |     |     |     |     |     |     |  |   |
|---|---|-------------------------|----------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|--|---|
|   |   |                         |                |     |     |     |     |     |     |     |  | Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша)   |
| 3 | Өңдеу өнеркәсібіне ТШИ ағыны  | 2016 жылдың деңгейіне % | Ұ Б деректері  | 100 | 105 | 110 | 120 | 130 | 140 | 150 |  | ИДМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржы министрі, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбек министрі, БҒМ, ҚАӨМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша) |
| 4 | Экономиканың шикізаттық емес секторына жасалған инвестициялардың көлемі (мемлекеттік бюджетті қоспағанда) | 2016 жылдың деңгейіне % | стат. деректер | 100 | 103 | 106 | 113 | 123 | 134 | 146 |  | ИДМ, ҰЭМ, СІМ, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбек министрі, ҚАӨМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ  |







|   |   |      |                                  |    |    |    |    |     |     |     |   |
|---|---|------|----------------------------------|----|----|----|----|-----|-----|-----|---|
| 1 | "CRM" жүйесі аясында инвесторлардың өтініштері бойынша олардың пайдасына шешілген мәселелер үлесі | %    | "Kazakh Invest" ҰК" АҚ деректері | -  | -  | 90 | 90 | 100 | 100 | 100 | ИДМ   |
| 2 | ДЭФ ЖБИ "Инвесторларды қорғау"  | орын | ДЭФ ЖБИ                          | 25 | 25 | 24 | 24 | 23  | 22  | 21  | ҰБ (келісім бойынша), ЖС (келісім бойынша) ИДМ, ҰЭМ |
| 3 | ДЭФ ЖБИ "Сот процестерінің тәуелсіздігі"  | орын | ДЭФ ЖБИ                          | 68 | 67 | 66 | 63 | 60  | 55  | 50  | ЖС (келісім бойынша)                                |
| 4 | ДЭФ ЖБИ "Құқық қорғау индексі"  | орын | ДЭФ ЖБИ                          | 86 | 85 | 84 | 83 | 82  | 81  | 80  | ҰБ (келісім бойынша), Қаржы министрі, ҰЭМ           |
| 5 | ДЭФ ЖБИ "Миноритарлы акционерлердің мүдделерін қорғау"  | орын | ДЭФ ЖБИ                          | 65 | 64 | 63 | 62 | 61  | 60  | 59  | ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, Әділет министрі, ИДМ     |

|   |   |                  |                                    |    |    |    |    |    |    |    |                 |
|---|---|------------------|------------------------------------|----|----|----|----|----|----|----|-----------------|
| 6 | Инвесторлардың сенім деңгейі                                | %                | "Kazakh Invest" ҰК" АҚ сауалнамасы | -  | -  | 50 | 55 | 60 | 70 | 80 | ИДМ             |
| 7 | ДЭФ ЖБИ "Салық салудың инвестициялау ниетіне әсері"         | орын             | ДЭФ ЖБИ                            | 57 | 55 | 53 | 48 | 42 | 35 | 28 | ҰЭМ, Қаржы міні |
| 8 | "Doing Business" Дүниежүзілік банктің "Салық салу" рейтингі | рейтингтегі орын | Дүниежүзілік банк                  | 60 | 59 | 57 | 55 | 50 | 45 | 40 | Қаржы міні, ҰЭМ |

3. Сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын дамыту

3-кесте. Нәтижелер көрсеткіштері

| №Р/с№ | Нәтиже көрсеткішінің атауы               | Өлш. бірлігі | Ақпарат көзі                  | Базалық жыл |      | Жоспарланған жыл   |      |      |    |    | Жауапты орындаушылар     |
|-------|--|--------------|-------------------------------|-------------|------|--------------------|------|------|----|----|--------------------------|
|       |  |              |                               | 2016        | 2017 | Іске асыру жылдары |      |      |    |    |                          |
|       |  |              |                               | 2018        | 2019 | 2020               | 2021 | 2022 |    |    |                          |
| 1     | Логистика тиімділігінің индексі (LPI)    | орын         | Дүниежүзілік банктің рейтингі | 77          | 76   | 73                 | 70   | 67   | 64 | 60 | ИДМ                      |
| 2     | ДЭФ ЖБИ "Сыртқы нарық көлемінің индексі" | орын         | ДЭФ ЖБИ                       | 47          | 6    | 45                 | 43   | 41   | 38 | 35 | ҰЭМ, ИДМ, АШМ            |
|       | ДЭФ ЖБИ "                                |              |                               |             |      |                    |      |      |    |    | "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ ( |

|   |  |              |                         |     |     |     |     |     |    |    |   |
|---|--|--------------|-------------------------|-----|-----|-----|-----|-----|----|----|---|
| 3 | Ішкі нарықтағы жабдық таушылардың сапасы"  | орын         | ДЭФ ЖБИ                 | 97  | 96  | 95  | 90  | 84  | 77 | 70 | келісім бойынша)", "Атамекен" ҰҚП (келісім бойынша)                         |
| 4 | "Ішкі нарықтағы жабдық таушылардың саны" ДЭФ ЖБИ   | орын         | ДЭФ ЖБИ                 | 113 | 112 | 111 | 107 | 100 | 90 | 80 | "QazIndustry" ҚИЭО" АҚ (келісім бойынша)", "Атамекен" ҰҚП (келісім бойынша) |
| 5 | Жергілікті компаниялармен өндіру-өткізу байланыстарын орнату бойынша шетелдік инвесторларды сервистік қолдау туралы келісімдер | жиынтық саны | ИДМ әкімшілік деректері | -   | 2   | 5   | 7   | 9   | 12 | 15 | "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша)                                    |

**Екінші бағыт: тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу**

Осы бағыт шеңберінде мынадай міндеттер шешілетін болады:



|   |  |              |                             |   |   |    |    |    |    |    |  |
|---|--|--------------|-----------------------------|---|---|----|----|----|----|----|--|
| 1 | Өңдеуші секторға тартылған трансұлттық корпорациялар саны                                | жиынтық саны | ИДМ-нің әкімшілік деректері | - | 7 | 12 | 17 | 22 | 28 | 35 | ИДМ, ЭМ, АШМ, АКМ, ДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша) |
| 2 | Басым секторларда "тұғырлы инвесторлармен" бірге құрылған бірлескен кәсіпорындардың саны | жиынтық саны | ИДМ-нің әкімшілік деректері | - | 2 | 4  | 6  | 9  | 12 | 15 | ИДМ, ЭМ, АШМ, АКМ, ДСМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша) |
|   | Инвестициялық ахуалдың қолайсыз жағдайына  |              | "Kazakh Invest"             |   |   |    |    |    |    |    | "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша), ИДМ, ҰЭМ, Қаржы мині, ЭМ,  |

|   |   |                         |                 |     |     |     |     |     |     |     |  |
|---|---|-------------------------|-----------------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|-----|--|
| 3 | байланысты Қазақстан нарығына на кеткен инвесторлар   | бірлік                  | ҰК" АҚ ақпараты | -   | -   | 5   | 3   | 1   | 0   | 0   | АШМ, МСМ, АҚМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері |
| 4 | Жұмыс істеп жатқан шетелдік инвесторлардың Қазақстанның экономикасында қайтасалған инвестицияларының көлемі | 2016 жылдың деңгейіне % | ҰБ ақпараты     | 100 | 101 | 103 | 107 | 110 | 115 | 120 | ИДМ, ҰБ (келісім бойынша), "Kazakh Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша)    |

**Үшінші бағыт: жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін шетелдік инвестицияларды тарту басымдықтарымен сәйкестендіру**

Осы бағыт шеңберінде мынадай міндет шешілетін болады:

6. Жекешелендіру процесіне шетелдік инвесторлардың қатысуын қамтамасыз ету

| №Р/с№ | Нәтиже көрсеткішінің атауы                    | Өлш. бірлігі                    | Ақпарат көзі               | Базалық жыл |      | Жоспарланған жыл   |      |      |      |      | Жауапты орындаушылар       |
|-------|---|---------------------------------|----------------------------|-------------|------|--------------------|------|------|------|------|----------------------------|
|       |   |                                 |                            | 2016        | 2017 | Іске асыру жылдары |      |      |      |      |                            |
|       |   |                                 |                            | 2016        | 2017 | 2018               | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |                            |
| 1     | Шетелдік инвесторларға сатылған жекешелендіру | жекешелендірілген объектілердің | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( | -           | -    | 15                 | 33   | 33   | -    | -    | "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ ( |

|  |                            |                        |                         |  |  |  |  |  |  |  |                         |
|--|----------------------------|------------------------|-------------------------|--|--|--|--|--|--|--|-------------------------|
|  | объекті<br>лерінің<br>саны | жалпы<br>санына<br>н % | келісім<br>бойын<br>ша) |  |  |  |  |  |  |  | келісім<br>бойын<br>ша) |
|--|----------------------------|------------------------|-------------------------|--|--|--|--|--|--|--|-------------------------|

## 7. МЖӘ жобаларына инвестицияларды тарту.

### 7-кесте. Нәтижелер көрсеткіштері

| №P/c№ | Нәтиже<br>көрсеткішінің<br>атауы         | Өлш.<br>бірлігі       | Ақпарат<br>көзі  | Базалық жыл | Жоспар<br>ланған<br>жыл | Іске асыру жылдары |      |      |      |      | Жауапты<br>орында<br>ушылар  |
|-------|--|-----------------------|------------------|-------------|-------------------------|--------------------|------|------|------|------|--|
|       |  |                       |                  | 2016        | 2017                    | 2018               | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |  |
| 1     | ТШИ-дің<br>қатысуымен<br>МЖӘ<br>жобалары | бірл.                 | ҰЭМ<br>деректері | -           | 2                       | 3                  | 5    | 15   | 20   | 30   | "Kazakh<br>Invest"<br>ҰК" АҚ<br>(келісім<br>бойынша),<br>ИДМ,<br>ҰЭМ,<br>БФМ,<br>ДСМ |
|       |  | млрд.<br>АҚШ<br>долл. |                  | -           | 0,2                     | 0,5                | 0,7  | 1    | 1,5  | 1,8  |  |

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу жолдары, тиісті шаралар

Бағдарламаны іске асырудың түйінді органдары – Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі үкіметтік кеңес (Инвестициялық штаб) (бұдан әрі – Кеңес) және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі.

Бұл ретте Кеңестің құрамы мен функциялары кеңейтілетін болады.

Осыған байланысты Кеңестің құрамына түйінді мемлекеттік органдардың, мемлекеттік ұйымдардың, бизнес-қоғамдастықтардың, бизнес-қауымдастықтардың өкілдерін қосу ұсынылады.

Кеңес өзінің қызметін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен жүзеге асыруды жалғастырады, өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де құқықтық актілерін, сондай-ақ өзінің ережесін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Кеңестің жұмыс органы болады.

Кеңес мына бағыттар бойынша ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асыратын болады:

Бағдарламаны іске асырудың жалпы мониторингі мен жетістіктерді тұрақты есепке алу;

шетелдік инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, инвестициялық саясатқа қатысты Қазақстан Республикасының құқықтық базасын жетілдіру;



инвесторлардың салық, кеден, көші-қон заңнамасы саласындағы жүйелік мәселелері;

Инвестициялық омбудсменмен өзара іс-қимыл кезіндегі инвестициялық жобалардың проблемалық мәселелері;

халықаралық тәжірибені ескере отырып инвесторлардың мүдделерін қозғайтын құқықтық актілерді әзірлеуге шетелдік инвесторларды тарту;

басым инвестор елдерге қатысты тиімді келіссөз жүргізу әдісін таңдау; өңірлерге инвестицияларды тартуға кедергі келтіретін шектеулерді алып тастау және т.б.

Осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі болып табылатын мониторинг пен бағалау жүйесі Бағдарламаны басқару мен нәтижелерді бақылаудың негізін қалыптастыратын болады.

### **Бағдарламаның негіз қалаушы қағидаттарын сақтау**

Бағдарлама инвестицияларды тарту, қолдау мен ұстап қалу бойынша жұмыстың барлық кезеңдерінде оны сәтті іске асыру үшін шешуші болып табылатын негізгі төрт қағидатқа сүйенеді.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің айқындығы мен негізділігі. Мемлекеттік органдар қызметінің айқындығын, әсіресе, инвесторлармен қарым-қатынас кезінде арттыру қажет. Қазақстан Республикасы Үкіметінің әрекеті эмпириялық бақылаулармен және деректермен негізделетін болады – мысалы, инвестицияларды тарту бойынша шешімдер мен әрекеттер жоғары сапалы салалық талдауға сүйенсе, реттеуші құралдарға реттеушілік әсерді мамандандырылған бағалау жүргізілетін болады.

2. Жеке секторды тарту. Жеке сектор инвестициялар саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысатын болады. Ол үшін мемлекет-жеке диалогтық алаң ретінде салалық қауымдастықтардың рөлі күшейтіледі (бүкіл экономиканың және/немесе жекелеген салалардың ауқымында), сонымен бірге жекеменшік сектормен сұхбат құрудың және бірігіп шешім қабылдаудың жаңа мәдениеті енгізілетін болады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынылатын заңдар мен нормативтік актілер туралы ақпаратты жариялап қана қоймай, жеке сектордан қарастырылатын бастамалар бойынша сындарлы бағалауды белсенді түрде сұрататын болады. Инвестициялық ахуалды жақсарту жұмысына қажеттілігіне қарай өзге де мүдделі тараптар тартылатын болады.

3. Нәтижеге бағдарлану. Бағдарламаны іске асыру мониторингі мен бағалау тиісті түрде қамтамасыз етілетін болады. Жүргізілетін шаралар мен реформалардың экономикалық әсерін бағалау үшін, сонымен бірге Бағдарламаны іске асыруда маңызды мәні бар мониторинг пен бағалаудың тиімді орындалуын

қамтамасыз ету үшін тиімділіктің түйінді көрсеткіштерінің (бұдан әрі – ТТК) жинағын әзірлеу мен енгізу жоспарлануда. Мемлекеттік саясат, бағдарламалар мен реформалар кейін іске асырылуы кезіндегі кемшіліктерге байланысты жиі тиісті нәтиже бермейді. Реформалар бойынша өзекті бастамалармен байланысты іс-шараларды сапалы түрде іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында инвесторлардан енгізілетін шаралардың ағымдағы жағдайы мен сапасы туралы уақтылы сигнал алуға мүмкіндік беретін кері байланыстың тиімді тетіктері әзірленетін болады. Алынған ақпарат негізінде қажеттілігіне қарай түзету әрекеттері жүргізілетін болады. Бағдарламаны іске асыру шараларының тиімділігін арттыру мақсатында қатаң және эмпириялық тұрғыдан негізделген бағалауға басты назар аударылады.

4. Орталық мемлекеттік органдар (бұдан әрі – ОМО) мен жергілікті атқарушы органдарды (бұдан әрі – ЖАО) тиімді үйлестіру. ОМО мен ЖАО арасындағы үйлестіру мен ақпарат алмасудың жеткіліксіздігі жиі мемлекеттік реттеу саясатының тиімсіз жүзеге асырылуының себебі болып табылады. Мемлекеттік реттеу саясатының дәйексіздігі мен келіспеушілігі инвесторлар үшін инвестициялық ахуалдың болжамсыздығының негізгі қайнар көзі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің, "Kazakh Invest" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Kazakh Invest) нақты регламенті мен жауапкершілік аймақтары анықталып, барлық ОМО және ЖАО іс-қимыл тәртібі әзірленеді және бекітілетін болады.

### **5.1. Бірінші бағыт: Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту**

Осы Бағдарламаның негізгі міндеті Қазақстан Республикасының экономикалық белсенділігін арттыруға және өңдеу өнеркәсібін дамытуға ықпал ететін инвестицияларды тарту және ұстап қалу үшін Қазақстан Республикасында қолайлы инвестициялық ахуал құру болып табылады.

2050 жылға қарай Қазақстан Республикасы әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуы үшін бизнес-ортаны жақсартуға және инвестициялардан түскен экономикалық әсерді экспорт пен әртараптандыру бағытына қарай күшейтуге бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. 2014 жылғы 17 қаңтардағы "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев инвестициялардың көлемін қамтамасыз ету үшін ЭЫДҰ бірқатар қағидаттары мен стандарттарын енгізу міндетін қойды.

Тиісінше, Бағдарламаның Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту бойынша шаралары 2012 мен 2016 жылдары ЭЫДҰ

инвестициялық саясаттың бірінші және екінші шолулары аясында берген ұсыныстардан тұрады.

Тиімділікті арттыруға бағдарланған ТШИ-ден толық экономикалық әсер алу үшін Инвестициялық саясат құрылымын инвестициялардың өмірлік циклдарының барлық кезеңдерінде ТШИ-дің осы түрінің нақты талаптарына сәйкестендіру қажет. ТШИ-ді ел Үкіметі мен жекелеген шетелдік компаниялар арасындағы бір реттік мәміле ретінде емес, елдегі шетелдік инвестордың белсенділігінің әр кезеңінде түрлі мүдделі тараптар арасындағы ұзақ мерзімді өндірістік-экономикалық байланыстарды дамыту аясында қарастыру қажет. ТШИ-дің өмірлік циклы елдің жалпы инвестициялық тұжырымдамасы мен басымдықтарын айқындаудан басталады. Бұдан әрі инвестицияларды қорғаудың тиімді шаралары арқылы инвестицияларды тарту, енгізу мен орналастыру, сондай-ақ ұстап қалу кезеңдері орын алады. Инвестормен іс-әрекет жүргізудің дұрыс тәсілі болған жағдайда экономика үшін қосымша әсер беретін жергілікті өнім берушілермен және тапсырыс берушілермен тұрақты өндірістік байланысты орнатудың мүмкіндіктері пайда болады.

6-сурет

Инвестициялардың өмірлік циклінің құрылымы

Дереккөзі: Дүниежүзілік банк тобы

### **5.1.1. Инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау**

#### **Инвестициялық қызметті реттеудің айқындығын арттыру**

Мемлекеттің институционалды ортасын жетілдіру, инвестициялық саясаттың айқындығы мен болжамдылығын арттыру инвесторлардың сенімін нығайтудың маңызды факторлары болып табылады. Бұл бөлікте заңнаманы және оны әкімшілендіруді одан әрі жақсарту, сондай-ақ инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасау тетіктерін нығайту бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Сонымен қатар, мемлекеттің инвестициялық саясатын реттейтін нормативтік құқықтық базаны ағылшын тіліне ауқымды аудару ұйымдастырылады және жүзеге асырылатын болады. Сонымен бірге жүйелі және ашық негізде инвестициялық қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге жеке секторды неғұрлым кеңінен тарту қамтамасыз етіледі. Заң жобаларын, оның ішінде ағылшын тілінде жариялау ашық тыңдаулар өткізу арқылы жүзеге асырылады.

#### **Инвестициялық қызметті ынталандырудың айқын және тиімді режимі**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында инвестициялық жобаны іске асырушы инвесторға кедендік баж және импортқа қосылған құн салығын салудан босату түрінде инвестициялық преференциялар, мемлекеттік заттай гранттар, салықтар бойынша преференциялар ұсынылуы мүмкін.

Сонымен бірге ынталандырулардың жана топтамасын ескере отырып 2016 жылы жүргізілген талдау инвестициялық келісімшарттардың экономиканың басым секторларына инвестицияларды тартуда нақты құралға айналмағанын көрсетті. Елде инвестициялар тарту мен оларды ұстап қалуға кедергі келтіретін бірқатар реттеуші және әкімшілік кедергілер анықталды.

Инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша проблемалық мәселелерді жою үшін кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде салық саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша мәселе қаралатын болады.

Ұлттық және өңірлік деңгейлерде ұсынылатын барлық инвестициялық преференциялардың тізбесін тұрақты түрде жариялау арқылы инвесторларға арналған қолданыстағы преференциялар туралы ағылшын тіліндегі тиісті ақпаратқа қолжетімділік жақсартылатын болады. Бұл ресми интернет-ресурста толық және түбегейлі өзекті ақпаратты жариялаудан тұрады. Барлық инвестициялық преференцияларды ұсыну рәсімдері мен талаптары айқын және қолжетімді түрде жарияланады. Бұдан басқа, ағылшын тілінде "үлгілік инвестициялық келісімшарт" әзірленіп, орналастырылады.

Инвестициялық преференцияларды ұсыну және іске асыру процесі ОМО мен ЖАО рөлі көрсетіле отырып жазылатын болады. Ол үшін преференциялар ұсынуға тартылған мемлекеттік органдар функцияларының қайталануын қысқарту мен жою мақсатында заңнамаға тексеру жүргізіледі.

### **Ел нарығына шығуды жеңілдету және шетелдік инвестицияларды орналастыру**

Ел нарығына шығу мен шетелдік инвестицияларды орналастыруды жеңілдету және қолдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білікті жұмыс күшінің болуы инвестицияларды тарту үшін маңызды факторлар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі жанындағы шетелдік инвесторларға арналған "бір терезені" құру сияқты маңызды бастамалар қабылданды. Шетелдік мамандар үшін визалар мен рұқсаттарды беру тәртібін жеңілдету, Қазақстан Республикасына визасыз кіретін елдердің тізімін кеңейту, басым инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялық келісімшарт жасасқан кәсіпорындарда жұмыс істейтін шетелдік жеке тұлғаларды жұмыс істеу үшін квоталар мен рұқсаттарды алу бойынша талаптардан босату жұмыстары жалғасуда.

Елімізге келетін шетелдік инвестициялардың, технологиялар мен инновациялардың ағынын ұлғайту үшін кедергілер мен шектеулерді жою бойынша жұмыстар жалғасын табатын болады.

### **Визалық режим және жұмыс істеуге рұқсат беру**

Визалық режимге шектеу қолайлы инвестициялық орта құру үшін қажетті еңбек ресурстарын тартуда Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Технологиялық жаңғыру мен экономиканы дамытудың міндеттерін ескере отырып құзыретті және талап етілетін адам ресурстары, бизнес өкілдері мен инвесторлар үшін визалық режимді одан әрі жеңілдету жөнінде шаралар қабылдау талап етіледі. Жалдау бойынша шектеулерді босаңсыту жөнінде шаралар қабылданып, жоғары білікті басқарушы және ғылыми-техникалық персоналды тарту мақсатында көші-қон рәсімдерін жеңілдету бойынша шаралар қабылданады.

ТШИ үшін экономиканың нысаналы секторларындағы шетелдік азаматтар үшін жұмыс істеуге рұқсаттар беру рәсімдері мен қағидаларына кешенді бағалау жүргізу бойынша мәселе қаралатын болады. Жүргізілген бағалаудың қорытындысы бойынша визалық және көші-қон режимін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Сонымен қатар шетелдік мамандардың корпоративішілік ауысуларына қатысты ауыртпалық талаптар жойылып, іс жүзінде өзінің кәсіби саласында жеткілікті жұмыс тәжірибесі бар техникалық мамандар үшін біліктілік талаптары (дипломдарды, сертификаттарды және т.с.с. ұсыну) жеңілдетілетін болады және осы факті аталған маманды тартушы кәсіпорынның ресми хатымен расталуы мүмкін.

Визалық режимді жетілдіру және шетелдік азаматтарға жұмыс істеуге рұқсаттар беру бойынша қабылданған шаралар сыртқы әлеммен ынтымақтастықты жолға қою үшін елдің бизнес-қоғамдастығына қосымша мүмкіндіктер беріп, біздің азаматтарымыздың әртүрлі қызмет салаларындағы шетелдік әріптестермен байланыстарын жеңілдетеді.

### **Арнайы экономикалық аймақтарды дамыту**

Дамыған және дамушы елдердің тәжірибесі арнайы экономикалық аймақтарды (бұдан әрі – АЭА) құру өңірдің инвестициялық белсенділігін ынталандырудың тиімді нысандарының бірі болып табылатынын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда өңдеу өнеркәсібі саласында 10 АЭА құрылған.

10 АЭА инфрақұрылымына шамамен 275 млрд. теңге салынса, 5 АЭА ( Оңтүстік, Бурабай, Сарыарқа, ИТП, Қорғас) инфрақұрылымы толығымен аяқталып, қалған АЭА-да инфрақұрылым дамудың әртүрлі кезеңдерінен өтуде.

АЭА аумағында 157 жоба (оның ішінде шетелдіктердің қатысуымен 32 жоба) іске қосылып, 651 млрд. теңге инвестиция салынды, осы жылы тағы да 100 млрд. теңгеге 24 жобаны іске қосу жоспарланып отыр:

- 1) "Астана – жаңа қала" АЭА (2002–2027) бағыты – аралас құрылыс;
- 2) "Қорғас – Шығыс қақпасы" АЭА (2011–2036) бағыты – аралас логистика;
- 3) "Оңтүстік" АЭА (2005–2030) бағыты – тоқыма;
- 4) "Тараз химия паркі" АЭА (2012–2037) бағыты – химия;
- 5) "Инновациялық технологиялар паркі" АЭА (2003–2028) бағыты – АКТ мен ҒЗТҚЖ;
- 6) "Сарыарқа" АЭА (2011–2036) бағыты – металлургия және ауыр машина жасау;
- 7) "Павлодар" АЭА (2011–2036) бағыты – химия және мұнай-химия;
- 8) "Бурабай" АЭА (2007–2017) бағыты – туризм;
- 9) "Ақтау теңіз порты" АЭА (2003–2028) бағыты – мұнай-химия және мұнай жабдықтары, логистика;
- 10) "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" АЭА (2007–2032) бағыты – химия және мұнай-химия.

Қазақстан Республикасындағы АЭА-ның ерекше құқықтық режимі кедендік босаңсуларды, салықтар бойынша түрлі жеңілдіктерді, АЭА аумағындағы жер учаскелеріне жеңілдетілген түрде қол жеткізу тәртібін, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартудың жеңілдетілген тәртібін қарастырады.

Барлық АЭА қатысушыларына мынадай преференциялар қарастырылған:

корпоративтік табыс салығынан босату;

жер салығынан босату;

мүлік салығынан босату;

өндіріс процесінде толығымен тұтынылатын АЭА аумағындағы тауарларды іске асыру кезінде қосылған құн салығынан босату.

"Инновациялық технологиялар паркі" АЭА қатысушылары үшін әлеуметтік салықтан босату сияқты қосымша салықтық жеңілдіктер мен эксаумақтық қағидат қарастырылған.

Соған қарамастан АЭА – дағы құқық қолдану практикасын талдау АЭА әлеуетін ашуға кедергі келтіретін бірқатар жүйелік кедергілерді анықтады.

Бүгінгі таңда АЭА аумағындағы инвесторлар шешуді және жоюды талап ететін мынадай кедергілерге тап болуда:

1) АЭА инфрақұрылымын дамыту айтарлықтай баяу жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасындағы инфрақұрылым құрылысының орташа мерзімі 5 жылдан асады. Ал әлемдік практикада 2-3 жыл (БАӘ, Польша, Қытай).

Инфрақұрылымды дамытудың "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, индустриялық инфрақұрылымның дамығандығы АЭА, индустриялық аймақтардың тиімді қызметінің қажетті шарты болып табылады;

2) басқару органдарының (басқарушы компаниялардың) баяу толықтырылуы мен жұмыс тиімділігінің төмендігі. Қазіргі таңда барлық АЭА аумағында дайын инфрақұрылымы бар 1417 гектар қолжетімді жер учаскелері бар.

3) күрделі әкімшілендіру себебіне байланысты АЭА жеңілдіктерін қолдануға қатысты проблемалар;

4) АЭА-дағы салалық шектеулер. Қызметтің басым түрлерін кеңейту тәртібі күрделі және айтарлықтай ұзақ процесс (орта есеппен 6 айдан бастап 1 жылға дейін жалғасады) болып келеді;

5) өңірлердегі жер учаскелерін ресімдеудің ұзақ мерзімді алуы. Жалпы қағидалар бойынша рұқсат беру құжаттарын алу жобаларды іске асыру мерзімдерін ұзарта түседі, ал әлемдік тәжірибеге сәйкес АЭА режимі арнайы жеңілдетілген режимді қарастыруы тиіс;

6) "Инновациялық технологиялар паркі" АЭА ("ИТП" АЭА) үшін әлеуметтік салық бойынша жеңілдік орындалмайтын талаптарға байланысты тиімді жұмыс атқармайды;

7) жаңа қатысушылар үшін инфрақұрылымды құру сатысында АЭА-да қолжетімділікті шектеу.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі заңнаманы жетілдіру арқылы оларды жою бойынша жұмыстарды жүргізетін болады.

Индустриялық аймақтарды дамыту

Шағын және орта бизнесті тиімді түрде дамытудың, сондай-ақ өндірісті ынталандырудың тиімді құралдарының бірі индустриялық аймақтарды (бұдан әрі – ИА) құру және дамыту болып табылады.

ИА кәсіпорындарға да, мемлекетке де инженерлік инфрақұрылымды жүргізу шығыстарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ИА-ны құру, оның жұмыс істеуінің халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізілді, ол ИА әдетте, индустриялық және өнеркәсіптік парктерді білдіретінін көрсетті.

Әлемдік практикада өнеркәсіптік ИА-мен қатар, логистика, туризм, сауда және IT-индустрия (технопарктер) саласындағы ИА белсенді түрде даму үстінде. Одан басқа мемлекет шығындары азайтылған жекеменшік ИА-лар табысты жұмыс істейді.

Қазір Қазақстан Республикасының аумағында дайын инфрақұрылымы бар 20-дан астам индустриялық аймақ жұмыс істейді, олардың 4-еуі жекеменшік болып табылады. Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары мен

Алматы қаласында 9 ИА құрылысы жүргізілуде. Тағы 13 аймақ жобалау кезеңінде.

Жалпы республикалық бюджеттен ИА құру үшін 53,1 млрд. теңге бөлінді. ИА аумағында инвестицияларының көлемі шамамен 100 млрд. теңге болатын 113 өндіріс іске қосылды. Шашамен 7 мыңға жуық тұрақты жұмыс орындары құрылды.

Салынып жатқан және жоспарланғандарды ескере отырып ИА-ның жоғары элеуетін атап өту қажет. Болашақта шамамен 20 мың жаңа жұмыс орнын құру үшін өз жобаларын орналастыруға дайын шамамен 218 инвестор бар.

Отандық ИА одан әрі дамуына кедергі келтіретін проблемалық мәселелерді анықтау бойынша өңірлерге барып олардың қызметіне талдау жүргізілді ( Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қызылорда, Атырау, Ақтөбе облыстары), оның ішінде:

1) АИ үшін бөлінген жер учаскесін алып қою және бөлу шарттары заңнамалық деңгейде реттелмейді;

2) АИ қатысушылары мен сервистік компаниялардың АИ инфрақұрылымына қызмет көрсететін, осындай инвестор компанияларға деген, оның ішінде коммуналдық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру кезіндегі тәуекелдікті азайтатын өзара іс-қимыл тетіктері.

Халықаралық тәжірибе мен Қазақстан Республикасының тәжірибесін ескере отырып жүргізілген талдау негізінде, сондай-ақ ИА құру мен дамытудың жүйелі проблемаларын шешу мақсатында "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

Заң жобасында:

1) ИА құру мен олардың жұмыс істеуі жөніндегі мемлекеттік саясат мәселелері бойынша бірыңғай уәкілетті мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігін анықтау. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің функцияларына индустрияландыру және инвестицияларды тарту бағдарламасын іске асыру кіреді;

2) ЖАО-ның, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталатын, Бірыңғай үйлестіру орталығының іске асыру функцияларын айқындау, ол АИ-ны талдайды, мониторинг жүргізеді, жоспарлайды және жобаларға сараптама жүргізетін болады;

3) мемлекеттік және жекеменшік ИА инфрақұрылымын салуды қаржыландырудың тиімді тетігін құру;

4) жер учаскелерін беру, алып қою және қайтарудың жеңілдетілген тетігін белгілеу (АЭА бойынша алдағы қателіктерге жол бермеу үшін ұтымды пайдаланылмаған жер учаскелерін алып қою мәселесін қарау ұсынылады);



5) жер учаскелерін басқару, таңдау және бөлу, олардың құжаттамасын ресімдеу мен беру және инфрақұрылымды басқару бөлігіндегі ИА басқарушы компанияларының функцияларын айқындау;

б) жекеменшік ИА құру мен олардың жұмыс істеуі бойынша мәселелерді заңнамалық деңгейде регламенттеу көзделген.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ жаңа индустрияландыру кезеңіне өтудің маңызды екендігін назарға ала отырып, практикада жіберілген барлық "қателіктер мен олқылықтарды" ескерген жөн. Бұл ИА-ның тиімділігін арттыруға және елді индустриялық-инновациялық дамыту, шағын және орта бизнесті дамыту, инвестицияларды тарту және ИИДМБ-да көрсетілген халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша белгіленген бірқатар міндеттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### **5.1.2. Инвесторлар құқығын қорғау деңгейін арттыру**

Инвестицияларды қорғау инвестицияларды ұлғайту және ұстап қалу бойынша жұмыстың негізгі аспектісі болып табылады. Атап айтқанда, инвесторлардың құқығын қорғаудың негізгі кепілдіктерін тиісінше орындау басымдық болып саналады. Бұл экспроприациядан қорғауды, инвесторлармен іс-әрекет кезіндегі әділеттілік пен тең құқықтық қағидаттарының орындалуын қамтамасыз етуді, неғұрлым қолайлы жағдай туғызуды, валютаны/капиталды еркін айырбастау және аудару кепілдіктерін және дауларды шешу тетіктеріне қол жеткізуді қамтиды.

**Инвестицияларды ұстап қалу үшін инвесторлардың сауалдарына тиімді және жедел ден қою тетігі**

Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемелердің орындалмауының салдары ретінде инвесторлардың сенімін одан әрі арттыру және инвесторлар мен мемлекет арасындағы даулардың туындау тәуекелін азайту үшін мынадай шаралар қабылданатын болады.

Туындаған проблемаларды, оның ішінде халықаралық инвестициялық келісімдер (бұдан әрі – ХИК) ережелерінің бұзылуымен байланысты туындаған проблемаларды сот талқылауына жіберілгенге дейін шешудің тиімді тетігі әзірленді.

Келіспеушіліктер туындаған сәтте оларды шешуге мүмкіндік беретін инвесторлармен кері байланыс орнату құралы әзірленетін болады. Бұдан басқа дауларды шешу инвестордың инвестициялық омбудсменге және/немесе Жоғары кеңеске жүгіну арқылы Kazakh Invest-пен өзара іс-қимыл жасауы деңгейінде шешілуі мүмкін.

Kazakh Invest инвесторлардың шағымдарын жүйелі түрде анықтайтын, олардың пайда болу көздерін бағалайтын, сондай-ақ тәуекел аймағына түскен

инвестициялардың санын, шағымдарға байланысты инвесторлардың шығындарын айқындауға мүмкіндік беретін инвесторлардың проблемаларын қадағалайтын құрал әзірлейтін болады. Сонымен бірге инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі электрондық жүйеге инвестициялық жобаларды есепке алу, аталған жобалардың жай-күйін, даму мәртебесін және иелерін есепке алу жүйесі кіреді. Есепке алу жазбалары жеке инвестициялық жобаларды жабудан болатын тәуекелдер мен ықтимал шығындарды бағалауға мүмкіндік береді.

Үздік халықаралық практиканы ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ең жоғары деңгейінде тиісті техникалық және құқық қолдану әлеуетімен бекітілген инвесторлардың шағымдарын басқару тетігі мен проблемаларды тиімді шешу әдістері енгізілетін болады. Сонымен бірге шағымдарды шешуге қатысатын басқа да ОМО мен ЖАО үйлестіру тетігі әзірленіп, енгізілетін болады.

Инвестицияларды енгізу және орналастырудан (инвесторды тіркеу) басталып, инвестициялардың бүкіл өту кезеңінде қайталанатын инвестицияларды (қайта инвестицияларды) орналастыру кезеңіне дейін осы тетіктің қолданылатындығы туралы инвесторлардың хабардар болуын арттыратын іс-шаралар іске асырылады.

Аталған бастамаларды іске асыру үшін бірқатар заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді өзгерту талап етіледі.

#### **Ұлттық заңнаманың халықаралық инвестициялық құқықтармен келісімділігі**

Мемлекеттік органдардың барлық деңгейлерінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Бұдан басқа осы мақсатпен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің біліктілігі мен құзыреттілігін арттыру бойынша бағдарламалар ұйымдастырылатын болады.

#### **ХИК пен инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы халықаралық келісімдерді жасасудың жаңа регламенті арасындағы келісімділік**

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдардың, сондай-ақ келіссөздер мен ХИК жасасуға қатысатын түрлі мемлекеттік органдар арасында өзара іс-қимыл желісі бойынша үйлестіру тетігін енгізу талап етіледі. Мұндай тетіктің болмауы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін дұрыс түсінбеу мен ашықтықтың болмауына алып келуі мүмкін.

Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы халықаралық келісімдерді жасасудың ерекшеліктері мен өлшемшарттарын анықтайтын "Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы халықаралық келісімдерді жасасудың жалпы тәсілдерін" әзірлеу ұсынылуда.

Бұл ретте жалпы әдістерде Қазақстан Республикасы ХИК-інің негізгі ережелері, атап айтқанда:

ХИК-ті жасасу мақсаттары;

ХИК-ті қолдану саласы;

инвестицияларды және инвесторлардың қызметін жүзеге асыру шарттары;

инвестордың инвестицияларын қорғауды қарастыру;

ХИК тараптары арасындағы дауларды шешу тәртібі;

жалпы ерекшеліктер;

өзге де міндеттемелер мен басқа да ережелер қайта қаралатын болады.

ХИК-ті жасасу кезеңінде кешенді талдау жүргізу ТШИ-ді тартудың орынды екендігін қарастыруға және ықтимал тәуекелдерді жою үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Кеңес жанында қызмет ететін келіссөз жүргізу тобының тұрақты құрамын бекіту қарастырылуда.

Тиімді мемлекеттік инвестициялық саясат әзірлеу мақсатында ХИК нысанындағы халықаралық міндеттемелер, преференциялық сауда келісімдері, қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімдер (бұдан әрі – ҚСК), Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) келісімдері мен ішкі заңнама арасындағы өзара байланысты талдамалық сүйемелдеу және тиімді пайдалану бойынша мемлекеттік орган қызметкерлерінің кәсіби құзыретін арттыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

### **Дауларды шешу тетігін жетілдіру**

Даулар туындаған жағдайда, рәсімдердің айқындығы, сот шешімдері мен дауларды реттеу тетіктерінің бір-біріне қайшы келмеуі жалпы әрекет ететін және жаңа инвесторлар үшін болжамдылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытқа дейін сот жүйесінде бірқатар заңды және институционалдық реформалар іске асырылды. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі кәсіпорындарға қазақстандық соттың көмегіне жүгіну құқығын беріп, төрелік сот пен медиацияны қоса алғанда, дауларды шешудегі баламалы тетіктердің кең ауқымын қарастырады.

Сондай-ақ 2016 жылдан бастап арнайы инвестициялық сот ісін жүргізу құрылып, жұмыс істейді. Жоғарғы Сотта инвестициялық дауларды шешу үшін Астана қаласының сотында мамандандырылған сот алқасы – мамандандырылған сот құрамы құрылды. Бұдан басқа АХҚО алаңында ағылшын құқығы базасында дербес сот жүйесі бар инвестициялық дауларды шешудің арнайы тәртібін құру қарастырылған. Аталған шешімдер инвесторлар үшін Қазақстан Республикасының тартымдылығын күшейту жолындағы маңызды қадамдар болып табылады.

Сот, сондай-ақ дауларды реттеудің соттан тыс жүйелерін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Реформалау бойынша күш инвесторлардың инвестициялық қызметімен байланысты инвестициялық және өзге де даулар бойынша сот практикасын жетілдіруге, атап айтқанда:

1) инвестициялық даулар бойынша бірегей тәжірибені белгілеу бойынша шараларды қабылдауға;

2) мамандандырылған экономикалық және инвестициялық мәселелер бойынша судьяларды қосымша оқыту арқылы кәсіпкерлік қызметпен байланысты мәселелер бойынша судьялардың біліктілігін арттыруға бағыттталатын болады.

### **Инвесторлар үшін салықтық әкімшілендірудің айқындылығы мен болжамдығын арттыру**

Қазақстанның салық режимі инвестициялық шешімдерге әсер ететін саясаттың негізгі құралдарының бірі болып табылады, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметі өзгелерден бөлек негізгі сауда және инвестициялық әріптестермен 52 ҚСЖ жасасқан болатын. Мұндай келісімдер инвестицияларды тарту және ұстап қалу процесінде елеулі рөл атқарады.

Салық заңнамасындағы көптеген өзгерістер елдің инвестициялық тартымдылығына оң әсер етуі тиіс. Сонымен қатар, инвесторлар үшін қағидалардың айқындығы мен болжамдығын арттыру мақсатында одан әрі жақсарту талап етіледі.

Бірінші кезектегі іс-әрекеттер ретінде инвесторлар атап көрсеткен салық заңнамасының айқындылығы мен болжамдығына қатысты мәселелер шешілетін болады.

Ағылшын тіліндегі ҚСЖ-нің нұсқалары қолжетімді болады. Қазіргі уақытта тек қазақ немесе орыс тіліндегі кейбір келісімдер ғана қолжетімді және оларға рұқсат алу өте қиын.

Орталық және өңірлік салық органдарының арасында салық заңнамасын бірегей қолданудың болмауы түйінді проблема болып табылады. Бұдан басқа, салық мәселелерімен байланысты шешімдерді қабылдауда салық саясатын қолдану мен шешім қабылдауға бақылауды күшейтуді болжау мүмкін емес. Аталған проблемалардың болуы ішкі, сондай-ақ халықаралық салық салуға, кәсіпорындардың кірісіне және ел мен одан тыс аумақтардағы капитал қозғалысына әсер етеді.

Осыған байланысты, шетелдік инвесторлармен консультация өткізу қорытындысы бойынша мемлекеттік лауазымды тұлғалар заңнаманы қолданудағы бірыңғай тәсілдер жөніндегі бірқатар шаралар әзірлеп, іске асырады

Қазақстан Республикасының Үкіметі салық төлеушілер мен салық органдары арасында салық қағидаларының сақталуын жеңілдету мен қажетсіз дауды болдырмау мақсатында нақты және дәйекті түрде анықталып, түсіндірілетін тиімді салық қағидаларын әзірлеуде маңызды рөл атқаратын болады. Бұдан басқа салықтық әкімшілендіру жақсартылып, олардың мәнін субъективті түрде түсіндіруге мүмкіндік беретін артық қағидалар мен күрделі өлшемшарттар жойылады. Олар инвесторлардың салық ортасын жақсы түсінуіне мүмкіндік беретін және тең талаптардың болмауымен байланысты олардың алаңдаушылығын төмендетуге мүмкіндік беретін жүйемен алмастырылады.

### **5.1.3. Шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы сауда логистикасын жақсарту мен өндіру-өткізу байланыстарын дамыту**

**Сауда логистикасын жақсарту** "Белдеу және жол" атты Қытайдың жаңа бастамасы, Еуразиялық экономикалық одақ, Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы (бұдан әрі – ОАӨЭЫ) және ДСҰ-ға кіру арқылы өңірлік экономикалық ықпалдасуды күшейту өңірлік және дүниежүзілік ауқымда Қазақстан Республикасының табысты экономикалық ықпалдасуы, сондай-ақ елдің Азия, Еуропа және Таяу Шығыс арасында негізгі сауда және транзит дәлізі ретінде орнығуы үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Инвесторларға сауда шығынын азайтып, кедендік рәсімдерге жұмсалатын уақытты қысқарту қажет болғандықтан, шекарадан өтудегі әкімшілік рәсімдерді жетілдіру және оңайлату Қазақстан Республикасы үшін инвесторларды тартуда тиімділікті арттыруға бағытталған маңызды шара болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық сауда саласында бірқатар реформалар тізбегін жүргізеді. ДСҰ бойынша міндеттемелердің шеңберінде Қазақстан тауарлардың кедендік шығарылымын жеңілдету мен жылдамдату және тауар шығындарын азайту мақсатында сауда рәсімдерін оңайлату бойынша жұмыстар жүргізуде. ДСҰ-ның сауда рәсімдерін оңайлату бойынша келісімді Қазақстан Республикасы 2015 жылғы қазанда ратификациялады, ол 2017 жылғы ақпанда күшіне енді.

Тиімділікті арттыру және елімізді өңірлік транзит, бизнес және логистика орталығына айналдыруға үшін бағытталған инвестицияларды тарту және ұстап қалу міндеттерін шешу үшін мынадай негізгі үш салада шаралар қабылданатын болады:

- 1) халықаралық сауда шарттары сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларына сараланған тәсілді қолдану мен кедендік рәсімдерді жеделдету, айқындылығын арттыру, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тиімділігін

арттыру, транзит еркіндігін жақсарту және Еуразиялық экономикалық одақ деңгейінде кедендік рәсімдерді одан әрі үйлестіру арқылы жақсартылатын болады;

2) шығыстарды қысқарту және Қазақстанның өңірлерін өңірлік және халықаралық нарықтармен біріктіру мақсатында логистикалық сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көңіл бөле отырып, сауда-логистикалық инфрақұрылымға жаңғырту жүргізілетін болады. Инвесторлар бағдар алатын халықаралық көрсеткіштердің мысалдары: Дүниежүзілік банк логистикасының тиімділік индексі, Дүниежүзілік банк кәсіпорындарының зерттеуі немесе көлік инфрақұрылымының сапасы бойынша 2015 – 2016 жылдардағы Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі;

3) интермодальды инфрақұрылымды және логистикалық орталықтарды құру, логистикаға қатысты заманауи тәсілдерді енгізуге ынталандыру және озық халықаралық практиканы енгізу, мультимодальды тасымал саласын дамыту және АКТ мен деректерді электрондық алмасу жүйелерін барынша кең ауқымда пайдалануды ілгерілету бойынша шаралар қабылданатын болады.

### **Ұлттық экономика үшін өндірістік байланыстар мен қайта құйылу әсерін (спилловер-әсерлер) дамыту**

ТШИ тарту және ұстап қалу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің міндеті осындай инвестициялармен байланысты аса жоғары деңгейдегі оң экономикалық пайдаға қол жеткізу болып табылады. ТШИ және жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын кеңейту мен тереңдету жергілікті компаниялар арасында жаңа технологиялардың, инновациялардың және озық практикалардың маңызды тетігі болып табылады, сондай-ақ ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық дамуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында жаңа инвесторлар мен елде ұзақ уақыт болуды көздеген инвесторлар үшін тартымдылықты арттыру үшін жергілікті өнім берушілердің сапалы, әлемдік стандарттарға сәйкес келетін бірыңғай базасын құру қажет.

Әдетте, шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстары инвесторлардың келуімен бірден пайда болмайды. Өзара тиімді ынтымақтастықтың пайда болуы мен дамуына инвестор, жергілікті бизнес-қоғамдастық және қабылдаушы елдің Үкіметі бетпе-бет келетін көптеген шектеулер мен нарықтың жетілмеуі әсер етеді. Осы факторлардың барлығы өңірлер, өнеркәсіп салалары және құн жасау тізбектерінің бөлінісінде өндіру-өткізу байланыстарының экономикалық әлеуетін қалыптастырады.

Осыған орай үздік халықаралық практика негізінде шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасында осындай өндіру-өткізу байланыстарын дамыту бойынша бағдарлама әзірленіп, іске асырылатын болады. Енгізілетін тәсілдер

осы Бағдарлама аясында айқындалған нарық заңдарына бағынып, басым секторлардағы экономикалық және технологиялық мүмкіндіктерге бағдарланатын болады.

### **Өндіру-өткізу байланыстарына әсер ететін жергілікті қамтуға қойылатын талаптар**

Осы Бағдарламада көрсетілген жоғарғы экспорттық әлеуеті бар, ДСҰ басым секторларының талаптарына сәйкес келетін жергілікті өнім берушілерді қорғаудың қолданыстағы тетіктерінің әзірленуіне қарай Қазақстан Республикасы аумағындағы тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, персоналды жеткізушілерді немесе қаржыландыру көздерін іріктеуге қатысты кез келген нысаналы көрсеткіштерді немесе ең төменгі шекті деңгейін қоса алғанда, жергілікті қамту бойынша міндетті талаптардың болмауы саясатына қолдау көрсету қамтамасыз етілетін болады. Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар олардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуге ықпал ететін қосымша реттеушілік талаптарға өте сезімтал болып келеді. Сондықтан халықаралық сауда және инвестициялық келісімдер аясында Қазақстан Республикасының қолданыстағы міндеттемелеріне реттеушілік тәжірибенің сәйкестігін қамтамасыз ету қажет.

Шет тілін, ең алдымен ағылшын тілін білу саласында жұмыскерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау мен ынталандыру басымдыққа айналады. Тиімділікті көздейтін инвесторлардың жаһандық нарықтарына бағдарлануын ескере отырып жергілікті нарықты ағылшын тілін білетін білікті жұмысшы персоналмен қамтамасыз ету стратегиялық мақсатқа айналуы тиіс.

Сонымен бірге ТШИ үшін басым секторларда өнім берушілерді дамыту бағдарламасын әзірлеу мен енгізу ТШИ-дің жергілікті өнім берушілермен өндіру-өткізу байланыстарын дамытуға жәрдем ететін болады. Өнім берушілерді дамыту бағдарламасы өндіру-өткізу байланыстарын дамытудың негізі мемлекеттік саясатты болады.

Өнім берушілердің деректер базасы әріптестерді іздеу бойынша қызметтерді ұсынудың, сондай-ақ қолайлы әрі экономикалық тұрғыдан ұтымды шарттарды іздеу шығындарын азайтудың маңызды құралына айналады.

ТШИ үшін нысаналы секторларда өндірісті жаңғыртуға ішкі инвестицияларды ынталандыру шараларды әзірлеу, басқарудың жаңа модельдерін енгізу және кадрлардың біліктілігін арттыру, халықаралық стандарттар мен сертификаттарды сақтау тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілердің халықаралық деңгейге шығу процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Жергілікті өнім берушілерден тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға шетел

инвесторларының ынталы болуы мен осы өнім берушілерді, оның ішінде жергілікті компанияларды оқыту және құзыреттерін арттыру арқылы дамыту міндетті шарттардың бірі болып табылады.

Кездесетін заңды немесе әкімшілік кедергілерді жою және мақсатты қолдауды ұсыну арқылы нарыққа шығу тәсілдерін қоса алғанда, нарыққа шығуды жеңілдету және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық нарығындағы бәсекеге қабілетті өнім берушілердің инвестицияларын жүзеге асыратын шаралар қабылданатын болады.

Барлық қабылданып жатқан шараларда есеп беру, кемсітпеу, ашықтық және тиімділік саласындағы үздік халықаралық тәжірибе қағидаттары қолданылатын болады. Қолдау неғұрлым бәсекеге қабілетті жергілікті компанияларға бағытталып, компаниялардың көлеміне немесе белгілі бір елге тиесілілігіне тәуелді болмайды. Шетелдік инвесторлар бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда консультациялық көмек бере отырып, сондай-ақ өндірілетін өнімге қажетті нарықтық сұранысты қамтамасыз ету арқылы өндіру-өткізу тізбектерін құру мен оларды дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуде негізгі мүдделі тараптар болады.

Kazakh Invest инвесторлар үшін инвестициядан кейінгі қызмет көрсету мен бизнес әріптестерін іздеу функциясын орындай отырып, жергілікті компаниялар мен шетелдік инвесторлар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын дамытуда маңызды рөл атқаратын болады. Осындай шаралардың мысалдары, В2В байланыстарын орнату, трансұлттық корпорациялар (бұдан әрі – ТҰК) мен жергілікті өнім берушілердің деректер базасын әзірлеу, өнім берушілерді дамыту бағдарламасын бірлесіп іске асыру, сондай-ақ өзге де үкіметтік мекемелермен жиі ынтымақтастықта неғұрлым ауқымды реформаларды өткізу бойынша іс-шараларды қамтиды.

Қабылданып жатқан шаралар жетекші шетелдік инвесторлармен қарым-қатынастарды жолға қою есебінен жаһандық және өңірлік өндіру-өткізу тізбектеріне қазақстандық өндірушілер мен экспорттаушыларды неғұрлым тұрақты және ұзақ мерзімді қосуды қамтамасыз ету үшін 2015 – 2019 жылдарға арналған ИИДМБ-ге (индустриялық және кластерлік даму бағытында) және әзірленіп жатқан экспорттық стратегияға сәйкес келетін болады.

## **5.2. Екінші бағыт: тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу**

Ағымдағы инвестицияларды ұстап қалу және кеңейту арқылы тиімділікке бағдарланған жаңа инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі инвестицияларды тарту бойынша қабылдайтын шаралардың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруды жалғастырады.



Тиімділікке бағытталған инвесторлар үшін негізгі басымдылық әлемдік нарықта өндірілетін өнімдер бағасының бәсекеге қабілеттілігі болып табылады. Осыған орай олар экспорт кезіндегі өнімнің ең төменгі түпкілікті құнын қамтамасыз ететін инвестициялар үшін өндірістік алаңдарды таңдайды. Осы бағаны қалыптастырудағы маңызды факторлар инвестициялық ахуалдың сапасы мен сауда операцияларын жүргізудің жеңілдігі болып табылады, ал ресурсқа және нарыққа бағытталған инвесторлар үшін оң инвестициялық шешімді қабылдау кезінде жалпы елеулі ресурстық базаның болуы немесе өндірілген өнімді өткізу үшін ішкі нарыққа қол жеткізуді қамтамасыз ету жеткілікті.

Елдер арасында инвестициялар үшін жаһандық бәсекелестіктің күшеюін ескере отырып, Қазақстан Республикасы осындай инвесторларды табысты тарту тәсілдерінде белсенді әрекет етуі қажет.

Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту жалпы елдің инвестициялық ахуалын жақсарту аясында да, инвестицияларды тарту жүйесінің операциялық процестеріндегі нақты өзгерістер аясында да реформалар жүргізу қажет.

Осы процестің маңызды бағыттары ең алдымен экспортқа бағытталған инвестициялар үшін қазақстандық экономиканың бәсекелік артықшылықтары туралы ақпаратты анықтау және әлемдік инвестициялық қоғамдастыққа ұсыну болып табылады.

Жаңа инвестицияларды тартудан басқа Қазақстан Республикасының инвестицияларды тарту жүйесі ағымдағы инвесторларды ұстап қалуға және олардың инвестициялық қызметінің қосымша әсерін кеңейтуге бағытталуы тиіс.

### **5.2.1. Инвесторларды тарту, сүйемелдеу және қолдау бойынша институционалдық тетіктерді жетілдіру**

Инвестиция тарту бойынша ұлттық операторды дамыту

Инвестицияларды тарту бойынша алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі шетелдік өкілдер мен өңірлік филиалдар желісі бар, инвестицияларды тарту бойынша ұлттық оператордың ауқымды өкілеттігі берілген "Kazakh Invest" инвестициялар жөніндегі мамандандырылған ұлттық компаниясын құрды. "Kazakh Invest" қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басқаратын Директорлар кеңесі жүзеге асыратын болады.

"Kazakh Invest" қызметі инвестициялық жобаларға қолдау көрсетуге, қабылдаушы елде бастапқы келіссөздер жүргізуден бастап барлық кезеңдерінде мемлекеттік қызмет көрсетуге және жобаларды іске асырғанға және одан әрі қызмет көрсетуге дейін инвестициялық шешімдер қабылдау үшін инвесторға қажетті барлық ақпаратты ұсынуға бағытталған.

Осы тұрғыдан "Kazakh Invest" мынадай функцияларды атқаратын болады:

1) инвестициялық жобалардың перспективалары мен оларды іске асыру шарттарын талқылаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүддесін білдіретін бірыңғай келіссөз жүргізуші;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жүйесіне қол жеткізудің бірыңғай арнасы, ол инвесторларға инвестициялық преференциялар нысанында мемлекеттік қолдау көрсетуді және инвестициялық жобаларды одан әрі іске асыру үшін қажетті түрлі рұқсаттар мен келісулерді беруді қамтиды.

Бұл ретте жауапты мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтер көрсету немесе бас тарту себептерін көрсету бойынша шешімдер қабылдайтын болады. "Kazakh Invest" бір терезе қағидаты бойынша инвестор үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау қажеттілігін болдырмау немесе барынша азайту функцияларын жүзеге асыратын болады, мысалы, қажетті құжаттарды жинау, кездесулерде инвестордың мүддесін білдіру, рұқсат беру құжаттарын беру және т.с.с.

ТШИ тарту бойынша әлемдік практикаға сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін "Kazakh Invest" мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

нақты белгіленген мандат пен басқару құрылымы, ынталы және жақсы оқытылған персонал;

Директорлар кеңесінің мүшелері жекеменшік сектордан да, мемлекеттік сектордан да құралады (Кеңес "Kazakh Invest" қызметіне операциялық қадағалауды ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар инвесторларға қызмет көрсетуде, сондай-ақ әлемдік инвестициялық қоғамдастықты инвестициялық ахуалдың жақсаруы туралы хабардар етуге де қолдау көрсетуге тиіс);

ішкі процестер инвесторлардың бизнестегі қажеттіліктеріне сәйкес қалыптасқан;

өз қызметін басқаруда "Kazakh Invest" Кеңес бекіткен инвестицияларды ілгерілету жөніндегі орта мерзімді жоспарды, сондай-ақ нәтижеге бағдарланған бірқатар нақты және қадағаланатын ТТК бар жыл сайынғы жедел жоспарларды қолданады;

әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сервистік қызметтер көрсету арқылы клиенттермен тұрақты өзара қарым-қатынас орнату;

қызметкерлер салаларды/нарықты өте жақсы біледі және инвестицияларды ілгерілету бойынша міндеттерді айқын түсінеді;

"Kazakh Invest" Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізу шарттары туралы барлық қажетті ақпаратты қамтыған тартымды веб-сайты бар;

"бір терезе" қағидаты бойынша түрлі мемлекеттік мекемелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін инвесторларға қызмет көрсетуге арналған жобаларды басқару жүйесі бар.

## **"IRM" клиенттермен өзара қарым-қатынастарды басқару жүйесі**

Инвесторлар, инвестициялық жобалар, өндірістік алаңдар мен әлеуетті инвесторлардың ақпараттық сұрау салулары туралы толық, нақты және өзекті ақпаратты қамтитын инвесторлар мен кәсіпкерлерге арналған бірыңғай ақпараттық инвестициялық алаң – "IRM" (бұдан әрі – IRM) клиенттермен өзара қарым-қатынасты басқару жүйесі әзірленіп, іске қосылады, сонымен қатар "Kazakh Invest" базасында "бір терезе" қағидаты автоматтандырылады

Анықтамалық материалдар ұсыну, инвестициялық жобалардың іске асырылу мониторингін қамтамасыз ету, ресми тұлғалардың уағдаластықтарын кейіннен орындау (follow-up) және іске асыру сәті басталғанға дейін қандай да болмасын жобаларды сапалы және толыққанды пысықталмай қалуын мүлдем болғызбау түпкілікті нәтиже болып табылады. Сонымен қатар біздің жүйедегі проблемалы учаскелерді көрсете отырып, оларды тиімді жоюға мүмкіндік беретін инвесторларға мемлекеттік қызметтерді ұсынудағы кедергілердің себептерін мониторингтеудің құралы болады.

Инвесторлармен жұмысқа жауапты барлық тараптар үшін онлайн-режимде әрбір инвестициялық жобаның іске асырылу барысы туралы өзекті ақпараты бар арнайы виртуалды кабинеттер құрылатын болады.

### **Инвесторлар сеніміне сауалнама жүргізу**

Инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде проблемалық мәселелерге ықпал ететін жүйелік алғышарттарды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасындағы инвесторлық қоғамдастықтың сеніміне және бизнестегі қажеттіліктеріне тұрақты негізде сауалнама жүргізілетін болады. Өрісті зерттеулер мен инвесторлардың сеніміне сауалнама жүргізу, инвесторларды қадағалау жүйесі қажеттіліктерді анықтаудың құралдары болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қоғамдастықтың проблемалары туралы шынайы ақпарат алу үшін Инвестициялық омбудсмен, әкімдіктер жанындағы инвесторларға қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – ИҚКО), Шетелдік инвесторлар кеңесі және Инвестициялық саясат жөніндегі кеңес, Қазақстан Республикасындағы шетелдік мекемелер мен шет елдердің қауымдастықтары сияқты Қазақстан Республикасындағы инвесторлардың ағымдағы проблемалары туралы ақпаратқа ие институттармен ынтымақтастық жолға қойылатын болады.

Инвесторлармен өзара іс-қимыл жасаудың барлық құрамдастары (инвесторлардың сеніміне сауалнама жүргізудің кіші жүйесі, жобалардың іске асырылуының мониторингі, инвесторлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету және т.б.) инвесторлармен өзара іс-қимыл жасаудың бірыңғай электрондық жүйесіне біріктірілетін болады.

Проблемалы учаскелер мен инвесторлардың қажеттіліктерін түсінуді бағалау нәтижелері базасында Кеңестің қарауына инвестициялар саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жүйелі түрде шығарылатын болады.

### **5.2.2. Қазақстанға инвестицияларды тарту жүйесін дамыту**

Қазіргі уақытта инвестицияларды басқарудың аралас моделін енгізу жүргізілуде, мұнда бұл саладағы үйлестіруші органның рөлі Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне, ал ТШИ-дің практикалық мәселелерін шешу өкілеттіктері "Kazakh Invest"-ке беріледі.

Сонымен бірге өзге министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту процесіне белсенді түрде қатысуда. Жалпы Қазақстан Республикасына инвестицияларды тарту жүйесін 3 деңгейге бөлуге болады:

1. Сыртқы деңгейде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның шетелдегі мекемелері жанындағы инвестициялар жөніндегі кеңесшілері мен "Kazakh Invest" өкілдері Қазақстан Республикасындағы инвестициялық мүмкіндіктер туралы имидждік ақпаратты тарату, нысаналы инвесторларды сәйкестендіру, әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізу, инвесторлардың Қазақстан Республикасына сапарларын ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жүргізетін болады.

Шетелдік инвестицияларды тарту бойынша тиімді жұмыс жүргізу үшін әлеуетті инвестициялармен олар орналасқан елдерде жұмыс жүргізген орынды. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің ресурсын пайдаланудан басқа шетелде "Kazakh Invest" өкілдіктері құрылатын болады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі кеңесшілері мен "Kazakh Invest"-тің шетелдік өкілдерінің міндеттері инвестицияларды тарту тұрғысынан мына міндеттері қамтиды:

1) Қазақстан Республикасының түрлі экономика салаларына әлеуетті шетелдік инвесторларды сәйкестендіру;

2) елде/жетекшілік ететін өңірде үкіметтік, үкіметтік емес және корпоративтік секторлардың компанияларымен кездесулер өткізу;

3) Қазақстан Республикасына әлеуетті инвесторлардың сапарларын ұйымдастыру;

4) инвесторлармен атаулы ақпараттық жұмысты жүзеге асыру және әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру.

2. Орталық деңгейде инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі ТШИ тарту саясатын, стратегиясын айқындап, осы саладағы заңнамалық базаны

калыптастырып, салалық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмысын үйлестірумен қатар инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асырады.

"Kazakh Invest" инвестицияларды тарту, сондай-ақ қазақстандық визаларды ресімдеу үшін уәкілетті органдарға құжаттарды дайындаудан бастап рұқсат құжаттарына дейін "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторларға қызмет көрсету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жалғыз келіссөз жүргізуші ретінде өкілдік етеді, сол арқылы инвестициялық жобаларды іске асыруды және туындайтын проблемалық мәселелерді жедел шешуді қамтамасыз етеді.

Салалық мемлекеттік органдар мен ұйымдар шетелдік инвестицияларды тарту үшін басым бағыттарды/салаларды айқындап, инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығы туралы салалық қорытындылар шығарады, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органға шетелдік инвестицияларды тартуды талап ететін инвестициялық жобалар туралы, ағымдағы уағдаластықтар мен инвестициялық жобалар жөніндегі шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты жолдайтын болады.

Тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар үшін тұтынушылық нарықтарға қол жеткізуді, қолайлы көлік қатынасын, ауыртпалықсыз кедендік рәсімдер мен барлық нысаналы салаларда сенімді логистиканы қамтамасыз ету маңызды.

Осыған байланысты экономика салаларындағы қолданыстағы кедергілерді жою мақсатында салалық дамуды реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіру бойынша шаралар қабылданатын болады. Аталған жұмыс Қазақстан Республикасының ұсынылып отырған салалық артықшылықтарын (құнды ұсынысын) тұрақты түрде жақсарту мақсатында негізгі мүдделі тараптардың келісілген күшімен жүргізілетін болады. Нысаналы салалардың әрқайсысы үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, салалық қауымдастықтар, жекеменшік бизнес өкілдерінің, кәсіби консультанттардың, білім беру мекемелерінің қатысуымен инвестициялық саясаттың шектеулері мен кедергілерін анықтау тетігі құрылатын болады. Оның мақсаты нысаналы салалардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне тұрақты түрде талдау жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасына тартымды инвестициялық бағыт болып қалуға көмектесетін шаралар мен саясат қабылдау болып табылады. Салалық басымдықтарды жақсарту елдің бәсекеге қабілеттілігі қазіргі уақытта кейбір шектеулерге кезігетін II салалық топқа қатысты ерекше зор мәнге ие.

3. Өңірлік деңгейде ЖАО "Kazakh Invest"-тің өңірлік өкілдерінің желісімен бірлесіп өңірдің инвестициялық тұжырымдамасын әзірлеп, онда шетелдік инвестицияларды тарту үшін басым бағыттарды айқындайды, сондай-ақ өңірдің

басым артықшылықтарын ескере отырып, өңірде инвестициялық жобаларды іске асырудың орындылығы туралы қорытындылар шығарады, өңірлік инвестициялық жоспарларды, инвестициялық жобаларды іске асыруда "бір терезе" қағидаты бойынша сүйемелдеу көрсетуді, инвестициялар тартуды талап ететін инвестициялық жобалар тізбесін бекітеді.

Бұл ретте жергілікті жердегі инвестициялық жобаларды сүйемелдеу процесіне басты назар аудару қажет, себебі жалпы бүкіл жүйе қызметінің түпкілікті нәтижесі елде нақты жергілікті инвестициялық алаңдарда өндірістер ашу және дамыту болып табылады. Жергілікті атқарушы органдардың инвестициялар тартуға қатысуы мен одан әрі қызмет көрсетуі маңызы мәнге ие.

Әкімдіктер өңірлік ИҚКО арқылы өңірлер аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік инвесторларға қолдау көрсетеді. Бұл қолдау инвестициялық ынталандыруларды іске асыруды және өндірістік алаңдарға, оның ішінде меншік құқығымен байланысты проблемаларды шешу арқылы қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан Республикасында инвестициялар тарту жүйесінің реформасы әкімдіктердің тиімділікті арттыруға бағытталған инвестициялар ағыны мен оларды ұстап қалуға ықпал ететін салалық саясаттарды әзірлеуге және іске асыруға етене араласуын талап етеді.

Инвестициялар тарту бойынша алған қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін әрбір өңірдің әлеуеті мен инвестициялық ахуалын талдау, ЖАО тиімділігін бағалау үнемі жүргізіледі әрі инвестициялар тарту және инвесторларға қолдау көрсету бойынша базалық дағдыларды нығайту бойынша шаралар қолданылатын болады.

Осыған байланысты ТШИ тарту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізумен ТШИ саласындағы функциялар мен міндеттерді нақты айқындай отырып, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жаңа жұмыс істеу жүйесін енгізу қажет.

Инвестициялар бойынша уәкілетті орган инвестициялар тарту бойынша өзара іс-қимылды регламенттейтін және Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту жүйесінің барлық қатысушыларының функциялары мен міндеттерін нақты айқындайтын құжат әзірлейтін болады.

Салалық мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың және ЖАО-ның инвестицияларды тарту бойынша жоспарларды тиімді іске асыруы үшін жыл сайын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігімен келісу бойынша нақты индикаторлары мен тартылатын және мониторингтелетін жобалары бар инвестицияларды тарту жөніндегі салалық және өңірлік жоспарлар бекітілетін болады.

Олардың болжамды әлеуметтік-экономикалық әсерін ескере отырып, экономиканың секторлары бойынша тартылатын шетелдік инвестициялардың ықтимал тәуекелдеріне талдау жүргізу қажет.

Осы жұмыстың қорытындысы бойынша инвестицияларды тарту саласына тартылған мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар үшін нұсқаулық әзірлеу қажет.

### **Инвестициялық жобалар картасы**

Инвесторлармен тиімді жұмыс жүргізу және "Kazakh Invest"-тің инвестициялық жобаларын іске асыру мониторингі үшін Инвестициялық жобалар картасы (бұдан әрі – Карта) әзірленеді, ол перспективалы инвестициялық жобалар және іске асырылатын жобалар деп екі топқа бөлінеді.

Перспективалы инвестициялық жобалар "Kazakh Invest" жүргізетін талдау, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен жеке бизнестің ұсыныстары негізінде жыл сайын қалыптастырылатын болады. "Kazakh Invest" келіп түскен ұсыныстар бойынша жобаларға сараптама жүргізеді және салалар мен өңірлер бөлінісінде перспективалық инвестициялық жобалардың тізбесін құрастырып, одан әрі халықаралық стандарттарға сәйкес құжаттар топтамасын қалыптастырады.

Іске асырылатын жобалар ірі инвесторлар мен ТҰК ұсыныстары есебінен қалыптастырылады.

Карта инвестициялық жобалардың сапалық және сандық көрсеткіштерін қамтиды және проблемалар туралы сигнал беру мүмкіндігін қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жобалар бойынша ақпарат жинау мен өңдеудің интерактивті процесін қамтамасыз етеді.

Жоба бойынша проблемалық мәселелер туындаған жағдайда жобаны іске асыруға жауаптылар жоба бастамашыларымен бірге проблемалық мәселелерді шешу бойынша келісілген іс-шаралар жоспарын қабылдайды.

Карта жобаларының мониторингін жобаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ инвестициялық жоба аумағында іске асырылып жатқан немесе іске асырылатын жергілікті атқарушы органдар ұсынатын ақпарат негізінде "Kazakh Invest"-пен бірлесіп Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі жүзеге асырады.

Инвестициялық жобалар картасын жүргізу қағидалары мен тетіктері перспективалық жобаларды енгізу тіркелген күннен бастап, жобаларды дайын болуына қарай енгізу мүмкіндігін айқындайтын жеке құжатпен айқындалады.

Мемлекеттік қолдау көрсету мәселелерін қарау кезінде Карта жобалары басым тәртіппен қаралатын болады.

### **Жетекші халықаралық қаржы орталығын қалыптастыру**

АХҚО құру Қазақстан Республикасы Президентінің ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі "100 нақты кадам" Ұлт жоспарының бөлігі болып табылады. "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына жолдауында Президент шетелдік инвестицияларды тарту бойынша көшбасшылықты сақтау мақсатын қойды, бұл ретте АХҚО ел экономикасына қаржы ресурстарын тартуда маңызды рөл ойнауы тиіс.

Еліміздің ең елеулі және маңызды жобаларының бірі ретінде халықаралық қаржы орталығын табысты дамыту үшін АХҚО-ға ерекше құқықтық мәртебе берілді және ЭКСПО - 2017 жоғары технологиялық инфрақұрылымын қамтитын жеке аумақ бөлінді.

АХҚО-ның арнайы мәртебесі заң жүзінде Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен бекітілген. Осылайша АХҚО алаңында инвестицияларды тарту бойынша қолайлы жағдай жасау үшін бірқатар артықшылықтар қарастырылған:

1) ерекше құқықтық режим. АХҚО-да ағылшын құқығы қағидаттарына негізделген, меншікті коммерциялық және азаматтық құқығы бар арнайы юрисдикция жұмыс істейтін болады. АХҚО қатысушыларының арасындағы дауларды шешетін негізгі институт АХҚО соты болады ол ағылшын құқығы юрисдикциясы бар елдерде практикалық тәжірибесі бар жоғары білікті судьялармен қамтамасыз етіледі. АХҚО-да дауларды шешудің баламалы тәсілін ұсынатын Халықаралық төрелік орталығы да жұмыс істейтін болады;

2) тәуелсіз реттеуші режим. АХҚО аумағында қаржы нарығының әділдігін, ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз реттеуші қызмет етеді және әлемде танылған стандарттарға сай келетін нормативтік-құқықтық база әзірленеді;

3) арнайы салық режимі. АХҚО-да 2065 жылдың соңына дейін АХҚО қатысушыларын корпоративтік және жеке табыс салығын төлеуден босату түрінде салықтық жеңілдіктер көзделген;

4) қолайлы іскерлік ортаны құру. Озық халықаралық тәжірибеге ұқсас АХҚО бір терезе жүйесін, виза берудің, тіркеудің, жұмысқа рұқсат алудың және басқа да тіркеу рәсімдерінің оңайлатылған режимін енгізеді. Көші-қон және әкімшілік полиция, мемлекеттік кірістер органдарының, халыққа қызмет көрсету орталығының және инвесторлардың қызметтерін шоғырландыру арқылы АХҚО-ның шетелдік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің кіруі мен орналасуына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін мамандандырылған орталық – "АХҚО Экспат орталығын" құру жоспарланып отыр;



5) ресми тіл. АХҚО-ның аумағында ағылшын тілі ресми тіл болып табылады (АХҚО-ның актілері, құжаттама, сот ісі, мәмілелер, сондай-ақ АХҚО реттейтін барлық қоғамдық қатынастар саласында).

Портфельдік шетелдік инвестициялар ТШИ-мен қатар елге инвестицияларды тартудың маңызды тәсілі болып табылады. Елдегі капитал нарығының табысты жұмыс істеуі және портфельдік инвестициялардың өсімі үшін қажетті экожүйе құру, сапалы инфрақұрылымды дамыту және инвесторлар мен нарық қатысушылары үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Жоғары технологиялық биржалық инфрақұрылымы бар, жетекші әлемдік биржалармен ынтымақтастықта құрылған АХҚО Биржасы бизнес пен инвестициялар үшін үлкен функционалдық мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар АХҚО Биржасы отандық нарық бағыттарына "жасыл" қаржыландыру, исламдық қаржы, қаржы технологиялары сияқты жаңа құралдарды шығару үшін негізгі платформа болады.

Табысты қаржы орталығының ажырамас бөлігі ретінде АХҚО үшін басым бағыттардың бірі активтерді басқару нарығын дамыту болып табылады. Реттеуші-нормативтік органы қалыптастыру және қолайлы инвестициялық ахуалды құру жергілікті активтерді басқару нарығын мен капитал нарығын дамытуға пәрменді түрткі болады және нәтижесінде нарыққа ірі институционалдық және жеке инвесторлардың келуіне ықпал етеді.

Осылайша АХҚО-ны дамыту шетелдік инвестициялардың өсіміне, елдің экономикасына шетелдік қаржы институттары мен жоғары білікті кадрларды тартуға оң әсерін тигізеді.

### **5.2.3. Инвестицияларды тартудың және ұстап қалудың алдын ала белсенді тәсілдерін қалыптастыру**

#### **Инвестицияларды атаулы түрде елдер және салалар бойынша тарту**

Инвестицияларды атаулы түрде тарту Қазақстан Республикасына тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестициялардың үлкен ағынын тартуға бағытталатын болады. Алдын ала белсенді инвестициялық таргеттеу жаңа инвестицияларды тарту анағұрлым ұтымды болатын бәсекеге қабілетті салаларды айқындауды талап етеді.

Осыған байланысты талдау негізінде Қазақстан Республикасы экономикасының инвесторлар үшін қызығушылық тудыратын және елдердің даму мүддесіне жауап беретін салалары айқындалды.

Инвестициялар тартудың алдын ала белсенді тәсілі ТШИ үшін нысаналы салаларда, елдер мен компанияларда "Kazakh Invest"-тің операциялық қызметінің негізіне айналады. Әрбір басым сала үшін жеке тәсіл таңдалады, ол әрбір инвестормен атаулы жұмыс жүргізуді қамтамасыз етеді.

Басым салаларға қатысты Қазақстан Республикасы инвестициялары үшін ұсынып отырған артықшылықтарын айқындау және олар туралы әлемдік инвестициялық қоғамдастыққа хабарлау маңызды болмақ. Бұл ретте Қазақстан Республикасы ЕАЭО шеңберінде нарықтарға жеңілдікпен қол жеткізуді бөлісетін басқа өңірлік бәсекелестермен салыстырғанда Қазақстан Республикасының бәсекелі басымдықтарын айқындау ерекше маңызға ие.

"Kazakh Invest" әлемдік экономикалық конъюнктураның құбылмалылығына және қосылған құндар тізбектерінің салалық құрылымын өзгертетін зиянкестік технологиялардың пайда болуына, оған қоса бизнес жүргізу шарттарын жақсарту бойынша Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты экономиканың нысаналы секторларына мерзімді талдау жүргізеді, әлеуетті тартымды салаларға арналған инвестициялық ұсыныстарды анықтап, құрастыратын болады.

Тиімділікке бағдарланған инвестицияларды атаулы түрде тартуда инвесторларды тарту тұрғысынан да, сол сияқты өндірілетін өнім экспорты шеңберінде де нақты елдерді айқындау зор маңызға ие.

#### **Ағымдағы инвесторларды ұстап қалу және олардың қызметін кеңейту**

Инвестициялар әртүрлі кезеңдік сатыларында көптеген мүдделі тараптармен тұрақты қарым-қатынас жасауға алып келеді. Осыған байланысты инвесторларға қолдау, оларды Қазақстан Республикасына өндіріс ашу үшін тарту сатысында ғана емес, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғаудың тиісті деңгейі есебінен инвестицияларды ұстап қалу және жергілікті экономикамен тұрақты байланыстарды дамытуда көмек көрсету мақсатында инвестициялық жобаны дамытудың кейінгі кезеңдерінде де қолдау көрсетілетін болады.

Соңғы мақсат инвестордың елде қалып, Қазақстан Республикасында өндірісін күшейтіп, кеңейтуді жалғастыруына, сондай-ақ өз өндірісін қосылған құнның анағұрлым жоғары деңгейіне дейін жаңғыртуына келіп саяды. Шетелдік инвесторлардың өндірісі мен бизнесі үшін стратегиялық құндылық болып табылатын, қосылған құны анағұрлым жоғары жаңа, жаңғыртылған өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді игеру, әзірлеу және енгізу үнемі көтермеленіп, қолдау көрсетілетін болады. Жергілікті кәсіпкерлерге шетелдік инвесторлардың сертификатталған жеткізушілері болуы үшін өндірістік және технологиялық қуаттылықтарды және басқарушылық әлеуетті халықаралық стандарттарға дейін дамыту бойынша қолдау көрсетіледі.

Қазақстан Республикасына негізінен ресурстық және нарықтық бағыттағы (мұнай және газ, өндіру салаларымен байланысты көрсетілетін қызметтер, бөлшек сауда) бірқатар ірі халықаралық компаниялар әлдеқашан тартылған. Елде шетелдік компаниялардың болуынан экономикалық пайданы ұлғайту, олардың қызметін кеңейту және жергілікті экономикамен терең ықпалдастыққа қол

жеткізу басым міндет болып табылады. Оған негізінен инвестициялық циклдің барлық сатыларында инвесторларға әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сервистік қызметтер ұсыну есебінен қол жеткізілетін болады, бұл инвестициялар тарту саласында елімізге маңызды бәсекелесу басымдығын береді. "Kazakh Invest" әлеуетті инвесторларға ғана емес, сонымен қатар қазіргі инвесторларға да стратегиялық міндеттерді іске асыруда қолдау көрсететін болады. Инвесторлардың Қазақстан Республикасында бизнес жүргізу тәжірибесі жөнінде олардан жүйелі кері байланыс алу жұмыстың тұрақты құрамына айналады.

"Kazakh Invest" елдегі инвесторларға қолдау көрсету бойынша өз міндеттемесі аясында постинвестициялық қызмет көрсететін жаңа сервисті іске қосады, ол шетелдік инвесторларға өңірлік ИҚҚО-мен тығыз ынтымақтастықта қызметтердің кең ауқымын көрсететін болады:

1) компаниялардың Қазақстанда жұмыс істеуіне ықпал ететін әкімшілік қызметтер;

2) шетелдік инвесторлардың тиімді әрі жедел қызметін қолдайтын операциялық қызметтер;

3) инвестициялардың Қазақстан Республикасында одан әрі дамуына, жаңа қуаттылықтарды енгізуге және өндірістік процестерді кеңейтуге ықпал ететін стратегиялық қызметтер.

### **5.3. Үшінші бағыт: жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің шетелдік инвестицияларды тарту басымдықтарымен сәйкестігі**

МЖӘ тетігі арқылы ТШИ тарту Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыру бағдарламасы үшін елеулі мүмкіндіктерді қамтиды. ТШИ ұлттық экономикада жекеменшік секторды нығайтып, оның рөлін күшейту үшін оң әсер қалыптастыра алады.

Көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, бәсекелі салаларда және реттелетін нарықтарда стратегиялық шетелдік инвесторларды тарта отырып жекешелендіру қазіргі стратегиялық және жаңа инвесторлардан қосымша инвестицияларға алып келуі мүмкін. Осыған ұқсас МЖӘ-нің ойдағыдай іске асырылуы көлік, энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ) қызметтері және әлеуметтік инфрақұрылым сияқты салалардағы стратегиялық жобаларды іске асыру үшін қажетті қаржылық ынталандыру бола алады. Алдағы уақытта сапалы телекоммуникациялық инфрақұрылымның болуы, әсіресе, Қазақстан Республикасының қызмет көрсету секторына тиімділікті арттыруға бағдарланған ТШИ тартудың негізгі шарттарының бірі болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ТШИ-дің сервистік (телекоммуникацияларды қоса алғанда) және инфрақұрылымдық жобаларға қатысуын ұлғайту бойынша шаралар қабылдайтын болады, өйткені олар

экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді сондай-ақ орта мерзімді перспективада тиімділікті арттыруға бағдарланған ТШИ үшін Қазақстан Республикасының тартымдылығын арттыра алады. Тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестициялар ағыны әлемдік денгейдегі қызметтерге, сондай-ақ өңірлік және әлеуетті, жаһандық жеткізу тізбектеріне тиімді ықпалдасуға ықпал ететін инфрақұрылымға қол жеткізу мүмкіндігінің болуына тәуелді. Нысаналы жекешелендіру және МЖӘ-нің тиімді тетігі осындай инвестицияларды тарту процесін жеделдете алады.

### **5.3.1. Жекешелендіруге шетелдік инвестицияларды тарту**

Қазақстан экономикасында жекеменшік сектордың рөлін арттыру үшін жоспарланған жекешелендіру жалғастырылады, ол 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі ең ірі жекешелендіру болады.

Бағалау бойынша 2016 – 2020 жылдар аралығында мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордан 800-ден астам актив жекешендірілетін болады, олардың 215-і "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ-ға (бұдан әрі – "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ) тиесілі. Жекешелендіру өзге де салалармен қатар мұнай-газ секторы, көлік және логистика, өнеркәсіп тауарларын өндіру секторында, коммуникациялар, пошта, электр энергиясын өндіру секторында жұмыс істейтін объектілерді қамтиды.

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның ірі активтерінің IPO өтетін АХҚО Биржасы елімізге Қазақстан Республикасының бүкіл қор нарығын Астана қаласында шоғырландыруға мүмкіндік береді. АХҚО Биржасында акцияларды орналастыру өтімділіктің өсуіне және елімізде өтімді капитал нарығын құруға әкеледі. Активтердің жоғары сапасы және іргелі сипаттамалары, шетелдік және отандық инвесторлар тарапынан аса қызығушылықты тудыратыны сөзсіз. Бұл ретте осы жекешелендіру бағдарламасының аясында шетелдік инвесторлардың тартылуы еліміздің іргелес салаларына қосымша әсер беруге және Қазақстан Республикасының инвестициялық әлеуетін одан әрі зерттеуге әлемдік қоғамдастықтың қызығушылығын тудыруға мүмкіндік береді.

Мұндай ірі көлемді жекешелендірудің әлеуетті оң әсерін барынша көбейту үшін бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылады.

2015 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметі Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын қабылдау туралы қаулы қабылдады, оның негізінде аталмыш Бағдарламаның басымдықтарымен үндестірілген жекешелендіру процесінің міндеттері мен қағидаттарын түсіндіруге бағытталған, жекешелендіруге жататын компанияларды ілгерілету бойынша іс-шаралар жоспары әзірленетін болады. Атап айтқанда, елдің ұлттық әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерімен (

оның ішінде өнімділікті арттыру, инвестицияларды тарту, жоғары білікті жұмыс орындарын көбейту, экономиканы сервистендіру және т.б.) өзара байланыс көрсетілетін болады.

Мемлекеттік объектілерді жекешелендірудегі шетелдік капиталдың қатысу рөлі де анықталды, оның ішінде шетелдік капитал үшін қандай салалар мен жобалардың ашық екендігі және жекешелендіру процесіне шетелдік инвестицияларды қосуда "Kazakh Invest"-тің қандай рөл атқаратындығы туралы ақпарат ашық түрде көрсетіледі. Бұдан басқа бәсекеге қабілетті ұсынысқа негізделген шетелдік және жергілікті фирмалар үшін жекешелендіруге тең қол жеткізу қағидаты қамтамасыз етіледі.

### **5.3.2. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына инвестицияларды тарту**

МЖӘ мемлекеттік кәсіпорындар әлі күнге дейін басым салаларда ТШИ-ді қоса алғанда, жекеменшік сектордың қатысуы үшін көп мүмкіндіктер бере алады. Қазақстан Республикасы тиімділікті арттыруға бағдарланған инвестициялар әкелетін МЖӘ жобалары арқылы қомақты қаржылық түсімдер алар еді. Бұдан басқа, көлік, энергетика және әлеуметтік инфрақұрылым, сондай-ақ ТКШ қызметтері салалары шетелдік қатысумен МЖӘ-ні дамытудың бастамасы болар еді.

Осы себепке байланысты бірқатар реформалар іске асырылды, атап айтқанда, МЖӘ жобаларын іске асыру кезінде мемлекеттік және бизнес ұйымдардың арасындағы ынтымақтастыққа арналған заңнамалық базаны құру үшін 2015 жылғы 31 қазанда "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 2008 жылғы шілдеде құрылған Қазақстандық МЖӘ орталығы МЖӘ-ні дамыту жұмысын үйлестіреді.

Бірқатар елдердегі жекеменшік кәсіпорындар мен халықаралық қаржы ұйымдары МЖӘ жобаларына қызығушылық білдіргеніне қарамастан, кейбір кедергілер әлі де болса олардың табысты іске асырылуына бөгет болып отыр.

Инфрақұрылымдық инвестицияларды талап ететін МЖӘ жобалары тиімділікті арттыруға бағдарланған ТШИ-ді тарту мақсатында пысықталатын болады. Ол үшін жобаларға сапалы халықаралық инвесторларды тарту үшін қажетті үлгілік заңды ережелерді көздейтін заңнамалық база жетілдіріледі.

Жобалардың салыстырмалы түрде шағын көлеміне оларды әзірлеу сатысында күш-жігер салу аса маңызды болып табылады. Осыған байланысты МЖӘ жобаларын қолдау үшін көзделген мемлекеттік қаражаттың жұмсалу тиімділігін арттыру қажет.

Бұл күрделі тендерлік ұсыныстар мен тәуекелдерді басқара алатын әрі жобаларды іске асыруда тосқауылдарды алып тастап, әсіресе ірі ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеу процесін жақсарта алатын жоғары

білікті кәсіпқой мамандарды жалдауды қоса алғанда, тиісті агенттіктер шеңберінде МЖӘ-нің неғұрлым мықты әлеуетін қалыптастыруды қажет етеді. Бұл өз кезегінде МЖӘ жобаларын іріктеу, дайындау және басқару процестерін институционалдық қолдаудың жаңа жүйесін құруды талап етеді.

МЖӘ-ні сүйемелдеудің өзге де функционалдық қажеттіліктерінің арасында жобаларды басқару және әзірлеу үшін арнайы құзыреттерді дамытуды қоса алғанда, мәмілелер ағынына қолдау көрсету, МЖӘ жобаларын өңдеуді жеңілдету және стандарттау үшін нақты қатысу қағидалары қабылданады.

"Kazakh Invest"-ке МЖӘ жобаларын қолдау жөніндегі функциялар беріледі және ол "бір терезе" базасында инвесторларды сүйемелдейтін болады.

Ұзақ мерзімді қаржыландыру инфрақұрылымы құрылып, МЖӘ-ні қолдау үшін бюджеттік процесс тетігі жетілдіріледі, себебі ол әлеуетті инвесторлар мен қаржыландырушы ұйымдар арасында мұндай жобалардың табысты болуы үшін қажетті жағдай жасайды.

Халықаралық қаржы ұйымдарын МЖӘ жобаларын қаржыландыруға тарту табысты шаралардың бірі болуы мүмкін.

Іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін 2016 жылы Дүниежүзілік банк жүргізген "МЖӘ-нің саяси және институционалдық тетіктерін дамыту және өмірге бейімді МЖӘ жобаларын іріктеу арқылы экономикаға инвестициялар тарту" атты зерттеудің нәтижелері бойынша ұсынымдарды назарға алу қажет.

### **Инвесторлар сенімі деңгейінің мониторингі**

Инвесторлардың құқықтарын қорғау кепілдіктерінің және басқа да реформалардың орындалуын жақсарту нәтижесінде инвестордың сенімін үнемі арттыруды қамтамасыз ету үшін жаһандық инвестициялық және саяси тәуекелдерді талдау бойынша Инвестициялық кепілдіктер жөніндегі көпжақты агенттік әдістемесінің негізінде инвесторлар арасында ұдайы сауалнама жүргізілетін болады. Аталған әдіснама Қазақстан Республикасы үшін сыналып, кейіннен тұрақты негізде пайдаланылады.

### **Реттеушілік әсерді бағалау**

Қазақстан Республикасындағы реттеушілік әсерді талдау институты 2015 жылдан бері енгізіліп келеді және қазіргі уақытта осы құралды өңірлерде енгізу жүргізіліп жатыр. Алайда шетелдік инвесторлар үшін жағдайдың нашарлауына жол бермеу мақсатында мемлекеттік реттеудің ТШИ-ге әсерін бағалау бойынша тиісті тетік жоқ.

Мемлекеттік реттеудің ТШИ-ге әсерін бағалауды жүргізу әдістемесін әзірлеу қажет.

## **6. Қажетті ресурстар**

Бағдарлама 2018 – 2022 жылдары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына қайшы келмейтін бюджеттен тыс қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігіне көзделген қаражат есебінен және соның шегінде іске асырылатын болады.

Бағдарламаға қосымша

**"Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары**

**Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.04.2019 № 215; 29.07.2019 № 546 қаулысымен.**

| Р/с №  | Атауы           | Өлшем бірлігі         | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімдері | Орындауға жауаптылар   | Оның ішінде жылдар бойынша |      |      |      |      | Барлығы | Қаржыландыру көздері | Бюджеттік бағдарламаның коды |
|--|-----------------|-----------------------|----------------|--------------------|--|----------------------------|------|------|------|------|---------|----------------------|------------------------------|
|  |                 |                       |                |                    |  | 2018                       | 2019 | 2020 | 2021 | 2022 |         |                      |                              |
| 1  | 2               | 3                     | 4              | 5                  | 6  | 7                          | 8    | 9    | 10   | 11   | 12      | 13                   | 14                           |
| Максаты. Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту |                 |                       |                |                    |  |                            |      |      |      |      |         |                      |                              |
| 1  | Жалпы ТШИ ағыны | 2016 жылғы деңгейге % |                |                    | ИДМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржымині, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, БҒМ, ҚАӨМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakhstan Invest" | 104                        | 109  | 113  |      | 126  |         |                      |                              |

|   |                                     |                       |  |   |      |    |      |    |    |  |  |
|---|-------------------------------------|-----------------------|--|---|------|----|------|----|----|--|--|
|   |                                     |                       |  | ҰК"<br>АҚ (келісім бойынша)   |      |    | 118  |    |    |  |  |
| 2 | Жалпы ТШИ көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы | 2016 жылғы деңгейге % |  | ИДМ, ҰБ (келісім бойынша), ҰЭМ, СІМ, Қаржымині, ЭМ, АШМ, ДСМ, Еңбекмині, ҚАӨМ, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, "Kazakhstan Invest" ҰК" АҚ (келісім бойынша) | 16,5 | 17 | 17,5 | 18 | 19 |  |  |
|   |                                     |                       |  | ИДМ, ҰЭМ, СІМ, Қаржымині, ЭМ, АШМ, ДСМ,   |      |    |      |    |    |  |  |
